Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	<u>5 жастағы балалар</u> Ойын сөзін жаттайық! Бір ойым бар, бір ойын бастамақ, Аты оның тақия тастамақ! «Менің Қазақстаным» ҚР Гимні орындау «Біртұтас тәрбие» жоспары бойынша	<u>3 жастағы балалар</u> Тақпақ жаттау Наурыз тойы — тамаша, Наурыз тойы — жаңаша. Табиғат та тамаша, Тамылжып тұр жараса	<u>5 жастағы балалар</u> Сергіту сәті Қане, қане, тұрындар, Үлкен шеңбер құрындар. Қолдарыңмен көк тіреп, Киіз үйді құрындар.		<u>4 жастағы балалар</u> Ләпбук «Киіз үй» Киіз үй сүйектері атауларын еске түсіру
		«Тақия тастамақ» Балалар шеңбер бойымен отырады. Педагог жүргізуші баланы сайлайды. Оған ойынды бастауға көмектеседі. Балалардың барлығы жүргізушімен бірге ойын сөздерін қайталап айтады, ал жүргізуші шеңбер сыртын айнала жүріп, бір баланың басына тақияны байқатпай кигізе салып қаша жөнеледі, бір айналып келіп, тақия кімнің қолында болса, сол баланың орнына отыра қалуға тырысады. Үлгермесе педагогтің берген тапсырмасын орындайды. Ойын сөздері: Бір ойым бар, бір ойын бастамақ, Аты оның тақия тастамақ! «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау			

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: Топар жалпы білім беретін мектеп жанындағы шағын орталық

Топ: «Күншуақ» әртүрлі жас орыс тобы

Балалардың жасы: 3 - 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 26.03 – 28.03. 2025 жыл (4-апта)

Күн тәртібі			Сәрсенбі 26.03	Бейсенбі 27.03	Жұма 28.03
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Көктем»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Ақжелең» күйі https://lmusic.kz/mp3/asylbek-ensepov-akzhelen/149846 «Күй күмбірі» күй тыңдау				
Сөздік минимум	Қазір көктем мезгілі жаңбыр, қар, жел, суық	Қазір көктем мезгілі жаңбыр, қар, жел, суық	Қымыз, шұбат, бауырсақ, құрт, қазы, ірімшік.		Өткен сөздерді қайталау
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	<u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Ұлттық тағамдар» Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, і, ы, ұ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; ұлттық тағамдарды айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды үйрету;	<u>Ортаңғы топ</u> Тақырыбы: «Көктем» Міндеттері: қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету. Жұмбақ жасыру. Қар мұз еріп, су көбейіп, Сай салаға толады. Бүршік жарып, жарық ашып, Гүл бәйшешек басады. Бөбектерім айтыңдаршы Бұл қай кезде болады?	<u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Кел, қайталайық!» Міндеттері: балалардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру; «ұ», «ү» дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру, сөздерді дұрыс қолдануға үйрету; домбыра туралы білімдерін бекіту, ұлттық аспапқа қызығушылық ояту; Наурыз мерекесі туралы түсініктерін кеңейту. Балалар, біз бүгін ерекше		<u>Ересек топ</u> Тақырыбы: «Көктем» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. Жұмбақ жасыру. Қар мұз еріп, су көбейіп,

	заттармен іс-әрекеттерді білдіретін сөздерді түсіну және оларды ауызекі тілде қолдану. Балалар, қазір қай жыл мезгілі? Қазір көктем мезгілі. Көктем мезгілінде неше ай бар? Көктем мезгілінде үш ай бар: наурыз, сәуір, мамыр. Көктемде қар ери бастайды. Құстар ұшып келеді. Көктемде ағаштар бүршік атады. Қызғалдақтар гүлдейді. Наурыз айында қандай мерекені тойлаймыз? Наурыз мерекесін. Наурыз – көктемгі Жаңа жыл. Бұл көне және әдемі мереке. Наурыз мерекесіндегі басты тағам қалай аталады? Ең басты тағам – наурызкөже. Наурызкөжеге қанша тағам қосылады? 7 тағам қосылады: су, сүт, ет, күріш, арпа, тары, тұз. Наурыз мерекесінде киіз үйлер тігіледі. Киіз үйді қалай тігеді? Алдымен керегені мен	(Көктемде) Бейнежазба көру «Көктем ерекшеліктері» Суреттермен жұмыс «Қай мезгіл?» Қазір кө-ө-ө-өктем мезгілі. Көктем мезгілінде үш ай бар: наурыз, сәуір, мамыр. Көктемде қар ериді. Құстар ұшып келеді. Бәйшешек гүлдейді. Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?» Қимылды әрекет: Күн райы Күн райы, күн райы, қандай екен бүгін? Күн ашық па, жаңбырлы ма, Бұлттар төнді ме, қарлы ма, Күн райы қандай? Қорытынды: Ләпбук «Көктем» Көктем мезгіліне байланысты атауларды еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.	саяхатқа шығамыз. Қазақтың ұлттық аспабы домбыра, қызықты Ұ, Ү дыбыстары және керемет Наурыз мерекесі туралы қайталаймыз! (Балаларға көңілді қазақ күйін тыңдатып, ҰІӨ-ке қызықтыру.) "Ұ" және "Ү" дыбыстары : Педагог "Ұ" және "Ү" дыбыстары бар суреттерді көрсетеді (мысалы: ұл, гүл, күміс, үй). Балалар қай дыбыстың "Ұ", қайсысының "Ү" екенін ажыратады. "Жасырын сөз" ойыны: Педагог басталған сөзді айтып, балалар жалғастырады. Мысалы: Ұ... (ұшақ), Ү... (үкі). Домбыра туралы қайталау. Педагог балаларға домбыра суретін немесе нағыз домбыраны көрсетеді. Сұрақ-жауап: "Бұл не?", "Домбыраның қандай бөліктері бар?" Күй тыңдау ("Ақжелең" күйі). "Домбырамен ән салайық!" ойыны: балалар домбыраның даусын келтіріп, ұлттық	Сай салаға толады. Бүршік жарып, жарық ашып, Гүл бәйшешек басады. Бөбектерім айтыңдаршы Бұл қай кезде болады? (Көктемде) Бейнежазба көру «Көктем ерекшеліктері» Суреттермен жұмыс «Қай мезгіл?» Қазір кө-ө-ө-өктем мезгілі. Көктем мезгілінде үш ай бар: наурыз, сәуір, мамыр. Көктемде қар ериді. Құстар ұшып келеді. Бәйшешек гүлдейді. Дидактикалық ойын: «Бұл қай кезде болады?» Қимылды әрекет: Күн райы Күн райы, күн райы, қандай екен бүгін? Күн ашық па, жаңбырлы ма, Бұлттар төнді ме, қарлы ма, Күн райы қандай? Қорытынды:
--	---	---	---	---

	сықырлауықты қояды, содан кейін шаңырақты көтеріп, уықтарын тағады да сыртынан киіз жабады. Балалар, біз бүгін киіз үйдегі әжемізге қонаққа барамыз. Ләпбук «Киіз үйдегі дастарқан» Сәлеметсіңдер ме, балалар!? Сәлеметсіз бе, әже! Келіңдер, балалар, дастарқанды айнала отырыңдар, мен сендерге қазақтың ұлттық тағамдарымен таныстырайын. - Мынау – қымыз. - Мынау – шұбат. - Мынау – қазы. - Мынау – бауырсақ. - Мынау – құрт. - Мынау – ірімшік. Липучкалы ойын «Ұлттық тағамдар» Балалар ұлттық тағамдарды тауып, көлеңкесіне сәйкестендіріп жапсырады. «Маған берші» ойыны Балалар сөздерді сөйлемдерде		әндерден үзінді айтады. Наурыз мерекесі. Суреттер арқылы Наурыз мерекесі туралы сұхбат. "Наурыз дастарханы" ойыны (балалар дастарханға қандай тағамдар қойылатынын атайды: бауырсақ, көже, қымыз, ет). "Көктем келді" қимыл-қозғалыс ойыны (балалар көктемнің келуін қимылмен көрсетеді: жаңбыр жауады, күн шығады, бәйшешек өседі т.б.). Қорытынды бөлім "Кім тапқыр?" ойыны (педагог суреттерді көрсетіп, балалар атауын айтады және ол қандай дыбыспен басталатынын айтады). Балаларға мақтау айтып, белсенді қатысқандарды мадақтау. "Жақсы сөз" шеңбері: Балалар қазақша жақсы сөздерді айтады (рахмет, сәлеметсіз бе, сау бол, т.б.).		Ләпбук «Көктем» Көктем мезгіліне байланысты атауларды еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.
--	---	--	--	--	---

	байланыстырып құрастыруды үйренеді Маған қымыз берші. Маған шұбат берші. Маған қазы берші. Маған бауырсақ берші. Маған құрт берші. Маған ірімшік берші. «Ішемін, жеймін» ойыны Балалар заттармен іс- әрекеттерді білдіретін сөздерді түсінеді және оларды ауызекі тілде қолданады. Педагог тағамдар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды балаларға таратады. Балалар педагог көмегімен «қымыз, шұбат ішемін», «қазы, бауырсақ, құрт, ірімшік жеймін» деп ойын түрінде іс-әрекет жасап, жаңа сөздерді қайталайды. Бата жаттау: Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын. Қайда барса жол болсын! Ұлыс бақты болсын, Төрт түлік ақты болсын! Сергіту сәті Қане, қане, тұрыңдар, Үлкен шеңбер				
--	--	--	--	--	--

	кұрыңдар. Қолдарыңмен көк тіреп, Киіз үйді құрыңдар. Қорытынды Ұлттық тағамдар атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.				
Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	<u>5 жастағы балалар</u> «Маған берші» ойыны Балалар сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды үйренеді Маған қымыз берші. Маған шұбат берші. Маған қазы берші. Маған бауырсақ берші. Маған құрт берші. Маған ірімшік берші. «Менің Қазақстаным» ҚР Гимні орындау «Біртұтас тәрбие» жоспары бойынша	<u>3 жастағы балалар</u> Ләпбук «Көктем» Көктем мезгіліне байланысты атауларды еске түсіру	<u>5 жастағы балалар</u> Сергіту сәті Қане, қане, тұрыңдар, Үлкен шеңбер құрыңдар. Қолдарыңмен көк тіреп, Киіз үйді құрыңдар.		<u>4 жастағы балалар</u> Ләпбук «Көктем» Көктем мезгіліне байланысты атауларды еске түсіру
«Тақия тастамақ» Балалар шеңбер бойымен отырады. Педагог жүргізуші баланы сайлайды. Оған ойынды бастауға көмектеседі. Балалардың барлығы жүргізушімен бірге ойын сөздерін қайталап айтады, ал жүргізуші шеңбер сыртын айнала жүріп, бір баланың басына тақияны байқатпай кигізе салып қаша жөнеледі, бір айналып келіп, тақия кімнің қолында болса, сол баланың орнына отыра қалуға тырысады. Үлгермесе педагогтің берген тапсырмасын орындайды. Ойын сөздері: Бір ойым бар, бір ойын бастамақ, Аты оның тақия тастамақ! «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау					

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: Топар жалпы білім беретін мектеп жанындағы шағын орталық

Топ: «Күншуақ» әртүрлі жас орыс тобы

Балалардың жасы: 3 - 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 31.03 – 05.04. 2025 жыл (1-апта)

Күн тәртібі	Дүйсенбі 31.03	Сейсенбі 01.04	Сәрсенбі 02.04	Бейсенбі 03.04	Жұма 05.04
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Тағамдар» «Мектепке дейінгі балалардың қазақ тілінде қарым-қатынасын дамытудағы көркемдік сөздің маңызы» әңгімелесу				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Хафиз» күйі https://lmusic.kz/mp3/asylbek-ensepov-hafis/37426 «Күй күмбірі» күй тыңдау				
Сөздік минимум	Шай, сүт, айран, шырын, су. Іш, ішемін. Сен су ішесің бе?	Шай, сүт, айран, шырын, су. Іш, ішемін, ішпеймін. Сен су ішесің бе?	Шырын, нан, шай, май, сүт, кәмпіт, балмұздақ. Мен шырын аламын. Мен балмұздақ аламын.		Іш, ішемін, ішпеймін. Сен су ішесің бе?
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	Мектепалды тобы Тақырыбы: «Сен не аласың?» Міндеттері: тағам атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; заттармен іс-әрекеттерді білдіретін сөздерді түсіну және айта білуге үйрету және оларды ауызекі тілде қолдану; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға	Ортаңғы топ Тақырыбы: «Мен шырын ішемін» Міндеттері: қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету. Балалар, біз таңертең тұрамыз, содан кейін қайда барамыз? Біз балабақшаға барамыз.	Мектепалды тобы Тақырыбы: «Мен шырын ішемін» Міндеттері: тағам атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; заттармен іс-әрекеттерді білдіретін сөздерді түсіну және айта білуге үйрету және оларды ауызекі тілде қолдану; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай		Ересек топ Тақырыбы: «Мен шырын ішемін» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. Балалар, біз таңертең тұрамыз, содан кейін

	жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. мақал-мәтелдерді жатқа айтуға үйрету Балалар, біз таңертең тұрамыз, содан кейін қайда барамыз? Біз балабақшаға барамыз. Балабақшада таңғы асқа не жедіңдер? Нан мен май, жұмыртқа, ботқа, шай. Біз бүгін ас, тағам туралы әңгімелесетін боламыз. Мақал-мәтел жаттау «Ас адамға әл береді» «Шын көңілмен берілсе, қара су да ас болар» Тыңда, қайтала - Мынау - нан - Мынау - шай - Мынау - май - Мынау - сүт - Мынау - кәмпит - Мынау - балмұздақ - Мынау – шырын Есте сақтайық! Аламын - возьму Сұраққа жауап бер Сен не аласың? Мен нан аламын.	Балабақшада таңғы асқа не жедіңдер? Нан мен май, жұмыртқа, ботқа, шай. Біз бүгін ас, тағам туралы әңгімелесетін боламыз. Мақал-мәтел жаттау «Ас адамға әл береді» «Шын көңілмен берілсе, қара су да ас болар» Тыңда, қайтала - Мынау - шай - Мынау - сүт - Мынау - су - Мынау - шырын Тыңда, сәйкес суретті ұяшыққа орналастыр Балалар естіген сөздерін (мысалы: шырын, сүт, су, айран) ұяшыққа ретімен орналастырады. Есте сақтайық! Ішемін – пью Мынау – су. Мен су ішемін. Мынау – шай. Мен шай ішемін. Тыңда, сәйкес суретті ұяшыққа орналастыр Балалар естіген сөйлемдерді (мысалы: Мен шырын ішемін, Мен сүт ішемін, Мен су ішемін, Мен айран ішемін) ұяшыққа ретімен Сұраққа жауап бер Сен не ішесің? Мен шай ішемін. Мен сүт ішемін.	сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. Балалар, біз бүгін ас, тағам туралы әңгімелесуді жалғастырамыз. Тыңда, қайтала - Мынау - шай - Мынау - сүт - Мынау - су - Мынау - шырын Тыңда, сәйкес суретті ұяшыққа орналастыр Балалар естіген сөздерін (мысалы: шырын, сүт, су, айран) ұяшыққа ретімен орналастырады. Есте сақтайық! Ішемін – пью Мынау – су. Мен су ішемін. Мынау – шай. Мен шай ішемін. Тыңда, сәйкес суретті ұяшыққа орналастыр Балалар естіген сөйлемдерді (мысалы: Мен шырын ішемін, Мен сүт ішемін, Мен су ішемін, Мен айран ішемін) ұяшыққа ретімен	қайда барамыз? Біз балабақшаға барамыз. Балабақшада таңғы асқа не жедіңдер? Нан мен май, жұмыртқа, ботқа, шай. Біз бүгін ас, тағам туралы әңгімелесетін боламыз. Мақал-мәтел жаттау «Ас адамға әл береді» «Шын көңілмен берілсе, қара су да ас болар» Тыңда, қайтала - Мынау - шай - Мынау - сүт - Мынау - су - Мынау - шырын Тыңда, сәйкес суретті ұяшыққа орналастыр Балалар естіген сөздерін (мысалы: шырын, сүт, су, айран) ұяшыққа ретімен орналастырады. Есте сақтайық! Ішемін – пью Мынау – су. Мен су ішемін. Мынау – шай. Мен шай ішемін. Тыңда, сәйкес суретті ұяшыққа орналастыр Балалар естіген сөйлемдерді (мысалы: Мен шырын ішемін, Мен сүт ішемін, Мен су ішемін, Мен айран ішемін)
--	---	--	---	---

	Мен шай аламын. Мен май аламын. Мен сүт аламын. Мен кәмпит аламын. Мен балмұздақ аламын. Мен шырын аламын. Суретпен жұмыс «Үстелде не бар?» Үстелде сүт, шырын, кәмпит бар. Үстелде нан, май, балмұздақ бар. Үлгі бойынша сөйлес - Сен қайда барасың? - Мен дүкенге барамын. - Сен не аласың? - Мен нан аламын. Мен бастаймын, сен аяқта Мен ... (нан аламын). Мен ... (шай аламын). Мен ... (май аламын). Мен ... (сүт аламын). Мен ... (кәмпит аламын). Мен ... (балмұздақ аламын). Мен ... (шырын аламын). Тақпақ жаттау Нан қоқымын шашпаңдар,	Мен шырын ішемін. Мен су ішемін. Мен бастаймын, сен аяқта Мен ... (шай ішемін). Мен ... (сүт ішемін). Мен ... (шырын ішемін). Мен ... (су ішемін). Тақпақ жаттау «Ағарған» деп, «ақ дәм» деп, Аналар төгіп-шашпайды. Сүт төгілсе «обал» деп, Аяғымен баспайды. Сергіту сәті: «Дәмді және дәмсіз» Қорытынды: Тағамдардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.	орналастырады. Сұраққа жауап бер Сен не ішесің? Мен шай ішемін. Мен сүт ішемін. Мен шырын ішемін. Мен су ішемін. Мен бастаймын, сен аяқта Мен ... (шай ішемін). Мен ... (сүт ішемін). Мен ... (шырын ішемін). Мен ... (су ішемін). Тақпақ жаттау Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. Сергіту сәті: «Дәмді және дәмсіз» Қорытынды: Тағамдардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.	Мен айран ішемін) ұяшыққа ретімен орналастырады. Сұраққа жауап бер Сен не ішесің? Мен шай ішемін. Мен сүт ішемін. Мен шырын ішемін. Мен су ішемін. Мен бастаймын, сен аяқта Мен ... (шай ішемін). Мен ... (сүт ішемін). Мен ... (шырын ішемін). Мен ... (су ішемін). Тақпақ жаттау «Ағарған» деп, «ақ дәм» деп, Аналар төгіп-шашпайды. Сүт төгілсе «обал» деп, Аяғымен баспайды. Сергіту сәті: «Дәмді және дәмсіз» Қорытынды: Тағамдардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.
--	---	---	--	---

	Жерде жатса баспандар. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастандар. Сергіту сәті: «Дәмді және дәмсіз» Қорытынды: Тағамдардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.				
Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	<u>5 жастағы балалар</u> Мен бастаймын, сен аяқта Мен ... (нан аламын). Мен ... (шай аламын). Мен ... (май аламын). Мен ... (сүт аламын). Мен ... (кәмпит аламын). Мен ... (балмұздақ аламын). Мен ... (шырын аламын). «Менің Қазақстаным» ҚР Гимні орындау «Біртұтас тәрбие» жоспары бойынша	<u>3 жастағы балалар</u> Тыңда, сәйкес суретті ұяшыққа орналастыр Балалар естіген сөздерін (мысалы: шырын, сүт, су, айран) ұяшыққа ретімен орналастырады.	<u>5 жастағы балалар</u> Тыңда, сәйкес суретті ұяшыққа орналастыр Балалар естіген сөйлемдерді (мысалы: Мен шырын ішемін, Мен сүт ішемін, Мен су ішемін, Мен айран ішемін) ұяшыққа ретімен орналастырады.		<u>4 жастағы балалар</u> Тақпақ жаттау «Ағарған» деп, «ақ дәм» деп, Аналар төгіп-шашпайды. Сүт төгілсе «обал» деп, Аяғымен баспайды.
		«Қамшы алу» ойыны Ойынға бес ер бала қатысады. Ортада төрт қамшы жатады. Балалар шеңбер жасап, күй әуенімен айналып билеп жүреді. Әуен тоқтаған кезде жерде жатқан қамшыны жылдам алу керек. Ең соңғы қамшыны алған бала жеңімпаз болады. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау			

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: Топар жалпы білім беретін мектеп жанындағы шағын орталық

Топ: «Күншуақ» әртүрлі жас орыс тобы

Балалардың жасы: 3 - 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 07.04 – 11.04. 2025 жыл (2-апта)

Күн тәртібі	Дүйсенбі 07.04	Сейсенбі 08.04	Сәрсенбі 09.04	Бейсенбі 10.04	Жұма 11.04
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Жемістер» «Мектепке дейінгі балалардың қазақ тілінде қарым-қатынасын дамытудағы көркемдік сөздің маңызы» әңгімелесу				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Қыл қобыз» күйі https://zvyki.com/song/167838905/aza_k_j_-_yl_obyz/ «Күй күмбірі» күй тындау				
Сөздік минимум	Алма, шие, өрік, алмұрт, жүзім. Мен алма жеймін. Мен банан жеймін. Мен шие жеймін. Мен өрік жеймін. Мен алмұрт жеймін.	Алма, шие, өрік, алмұрт, жүзім. Мен алма жеймін. Мен банан жеймін. Мен шие жеймін. Мен өрік жеймін. Мен алмұрт жеймін.	Алма, шие, өрік, алмұрт, жүзім. Мен алма жеймін. Мен банан жеймін. Мен шие жеймін. Мен өрік жеймін. Мен алмұрт жеймін.		Тамақ ішемін. Ас болсын!
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	<u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Мен алма жеймін» Міндеттері: балаларды жеміс атауларымен таныстыру (алма, шие, өрік, алмұрт, жүзім); «Мен ... жеймін» сөйлем құрылымын үйрету; баланың сөздік қорын кеңейтіп, тілдік қарым- қатынасқа тарту.	<u>Ортаңғы топ</u> Тақырыбы: «Мен алма жеймін» Міндеттері: қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету. Амандасу, шаттық шеңбері Балалар, ағаштарда не өседі. Жемістер.	<u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Мен тамақ ішемін» Міндеттері: тамақ және ішетін сусын атауларымен бекіту; «Мен тамақ ішемін», «Ас болсын!» сөйлемдерін қолдануға үйрету; сөздік қорын молайтып, қарапайым сөйлеу дағдыларын дамыту.		<u>Ересек топ</u> Тақырыбы: «Мен алма жеймін» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. Амандасу, шаттық шеңбері

	Амандасу, шаттық шеңбері Балалар, ағаштарда не өседі. - Жемістер. - Қандай жемістерді жақсы көресіңдер? - Жемістерден не жасайды? - Жемістер өте дәмді және өте пайдалы. - Ендеше біз бүгін жемістердің қазақша атауларын есте сақтап алайық. Бейнежазба көру «Жемістер» Жаңа сөздермен таныстыру Суреттер арқылы таныстыру – Бұл не? – Бұл алма. – Бұл не? – Бұл шие. – Бұл не? – Бұл өрік. – Бұл не? – Бұл алмұрт. – Бұл не? – Бұл жүзім. Балалар сөздерді хормен және жеке-жеке қайталайды. Сөйлем құрау үлгісі Педагог көрсетіп тұрып, айтады: – Мен алма жеймін. – Мен шие жеймін. – Мен өрік жеймін. – Мен алмұрт жеймін. – Мен жүзім жеймін.	Қандай жемістерді жақсы көресіңдер? Жемістерден не жасайды? Жемістер өте дәмді және өте пайдалы. Ендеше біз бүгін жемістердің қазақша атауларын есте сақтап алайық. Бейнежазба көру «Жемістер» Жаңа сөздермен таныстыру Суреттер арқылы таныстыру – Бұл не? – Бұл алма. – Бұл не? – Бұл шие. – Бұл не? – Бұл өрік. – Бұл не? – Бұл алмұрт. – Бұл не? – Бұл жүзім. Балалар сөздерді хормен және жеке-жеке қайталайды. Сөйлем құрау үлгісі Педагог көрсетіп тұрып, айтады: – Мен алма жеймін. – Мен шие жеймін. – Мен өрік жеймін. – Мен алмұрт жеймін. – Мен жүзім жеймін. Балалар сөйлемдерді қайталап айтады. Ойын: «Кім не жейді?» Педагог себетке жемістер салып, балаға береді. Бала айтады: – Мен алма жеймін.	Шаттық шеңбері Педагог тағамдардың суреттерін көрсетеді, ал балалар естеріне түсіреді де қазақша атайды. Есте сақта Тамақ ішемін. Ас болсын! Үлгі бойынша айт. Мен тамақ ішемін Мен ботқа жеймін, сүт ішемін. Мен сорпа ішемін, нан жеймін. Мен шырын ішемін, қияр, қызанақ жеймін. Сұраққа жауап бер. Сен тамақ ішесің бе? Ия, мен тамақ ішемін. Суретпен жұмыс Сен не жейсің? Сен не ішесің? Үлгі бойынша сөйлес Сен не жейсің? Сен не ішесің? Ас болсын! Рөлдік ойын: «Дастархан басында» Балалар ойыншық ыдыс-аяқпен дастархан жасап, рөл ойнайды:		Балалар, ағаштарда не өседі. Жемістер. Қандай жемістерді жақсы көресіңдер? Жемістерден не жасайды? Жемістер өте дәмді және өте пайдалы. Ендеше біз бүгін жемістердің қазақша атауларын есте сақтап алайық. Бейнежазба көру «Жемістер» Жаңа сөздермен таныстыру Суреттер арқылы таныстыру – Бұл не? – Бұл алма. – Бұл не? – Бұл шие. – Бұл не? – Бұл өрік. – Бұл не? – Бұл алмұрт. – Бұл не? – Бұл жүзім. Балалар сөздерді хормен және жеке-жеке қайталайды. Сөйлем құрау үлгісі Педагог көрсетіп тұрып, айтады: – Мен алма жеймін. – Мен шие жеймін. – Мен өрік жеймін. – Мен алмұрт жеймін. – Мен жүзім жеймін. Балалар сөйлемдерді қайталап айтады. Ойын: «Кім не жейді?»
--	---	--	---	--	--

	Балалар сөйлемдерді қайталап айтады. Ойын: «Кім не жейді?» Педагог себетке жемістер салып, балаға береді. Бала айтады: – Мен алма жеймін. – Мен алмұрт жеймін. Балалар кезекпен ойнайды. Үлгі бойынша сөйлес. - Әсет, алма жейсің бе? - Ия, жеймін. - Міне, ал. - Рақмет! Сергіту сәті «Алма терейік» Алманы мен теремін, Себетке салып беремін. Шиені де ұмытпай, Жинаймын мен қолыммен. Қорытынды бөлім – Біз бүгін қандай сөздер үйрендік? – Қандай жемісті жақсы көресің? – Қане, бәріміз айтайық: Мен алма жеймін! Балаларды мадақтау, белсенділерге жұлдызша тарату.	– Мен алмұрт жеймін. Балалар кезекпен ойнайды. Сергіту сәті «Алма терейік» Алманы мен теремін, Себетке салып беремін. Шиені де ұмытпай, Жинаймын мен қолыммен. Қорытынды бөлім – Біз бүгін қандай сөздер үйрендік? – Қандай жемісті жақсы көресің? – Қане, бәріміз айтайық: Мен алма жеймін! Балаларды мадақтау, белсенділерге жұлдызша тарату.	– Мен сүт ішемін. – Ас болсын! Сергіту сәті «Ыдысты жуайық» Суды ашып жайменен, Кесемді мен жуамын. Шайды ішіп болған соң, «Ас болсын!» деп қоямын. Ойын: «Не жоғалды?» Мақсаты – сөздерді есте сақтау. Өтуі: Педагог үстелге 4 суретті қояды (шырын, сүт, шай, су). Балалар бәрін есіне сақтайды. Біреуін алып тастайды. – Не жоғалды? – Шырын! / Сүт! Ойын: «Мен не ішемін?» Мақсаты – логикалық ойлау мен сөйлеу дағдысын дамыту. Өтуі: Педагог жұмбақтайды: «Ақ болады, тәтті емес, Бала жақсы көреді!» – Бұл не? – Сүт! – Мен сүт ішемін. Қорытынды бөлім		Педагог себетке жемістер салып, балаға береді. Бала айтады: – Мен алма жеймін. – Мен алмұрт жеймін. Балалар кезекпен ойнайды. Сергіту сәті «Алма терейік» Алманы мен теремін, Себетке салып беремін. Шиені де ұмытпай, Жинаймын мен қолыммен. Қорытынды бөлім – Біз бүгін қандай сөздер үйрендік? – Қандай жемісті жақсы көресің? – Қане, бәріміз айтайық: Мен алма жеймін! Балаларды мадақтау, белсенділерге жұлдызша тарату. <u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Мен тамақ ішемін» Міндеттері: тамақ және ішетін сусын атауларымен бекіту; «Мен тамақ ішемін», «Ас болсын!» сөйлемдерін қолдануға үйрету; сөздік қорын молайтып, қарапайым сөйлеу
--	--	---	--	--	---

			– Біз қандай сөздер үйрендік? – Сен не ішесің? Балаларды мадақтау, белсенділерге жұлдызша тарату.		дағдыларын дамыту. Шаттық шеңбері Педагог тағамдардың суреттерін көрсетеді, ал балалар естеріне түсіреді де қазақша атайды. Есте сақта Тамақ ішемін. Ас болсын! Үлгі бойынша айт. Мен тамақ ішемін Мен ботқа жеймін, сүт ішемін. Мен сорпа ішемін, нан жеймін. Мен шырын ішемін, қияр, қызанақ жеймін. Сұраққа жауап бер. Сен тамақ ішесің бе? Ия, мен тамақ ішемін. Суретпен жұмыс Сен не жейсің? Сен не ішесің? Үлгі бойынша сөйлес Сен не жейсің? Сен не ішесің? Ас болсын! Рөлдік ойын: «Дастархан басында» Балалар ойыншық ыдыс-аяқпен дастархан жасап, рөл ойнайды: – Мен сүт ішемін. – Ас болсын! Сергіту сәті «Ыдысты жуайық» Суды ашып жайменен,
--	--	--	--	--	--

					Кесемді мен жуамын. Шайды ішіп болған соң, «Ас болсын!» деп қоямын. Ойын: «Не жоғалды?» Мақсаты – сөздерді есте сақтау. Өтуі: Педагог үстелге 4 суретті қояды (шырын, сүт, шай, су). Балалар бәрін есіне сақтайды. Біреуін алып тастайды. – Не жоғалды? – Шырын! / Сүт! Ойын: «Мен не ішемін?» Мақсаты – логикалық ойлау мен сөйлеу дағдысын дамыту. Өтуі: Педагог жұмбақтайды: «Ақ болады, тәтті емес, Бала жақсы көреді!» – Бұл не? – Сүт! – Мен сүт ішемін. Қорытынды бөлім – Біз қандай сөздер үйрендік? – Сен не ішесің? Балаларды мадақтау, белсенділерге жұлдызша тарату.
--	--	--	--	--	--

Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	<u>5 жастағы балалар</u> Сергіту сәті «Алма терейік» Алманы мен теремін, Себетке салып беремін. Шиені де ұмытпай, Жинаймын мен қолыммен. «Менің Қазақстаным» ҚР Гимні орындау «Біртұтас тәрбие» жоспары бойынша	<u>3 жастағы балалар</u> Суретпен жұмыс – Бұл не? – Бұл алма. – Бұл не? – Бұл шие. – Бұл не? – Бұл өрік. – Бұл не? – Бұл алмұрт. – Бұл не? – Бұл жүзім.	<u>5 жастағы балалар</u> Ойын: «Не жоғалды?» Мақсаты – сөздерді есте сақтау. Өтуі: Педагог үстелге 4 суретті қояды (шырын, сүт, шай, су). Балалар бәрін есіне сақтайды. Біреуін алып тастайды. – Не жоғалды? – Шырын! / Сүт!		<u>4 жастағы балалар</u> Ойын: «Кім не жейді?» Педагог себетке жемістер салып, балаға береді. Бала айтады: – Мен алма жеймін. – Мен алмұрт жеймін. Балалар кезекпен ойнайды.
«Қамшы алу» ойыны Ойынға бес ер бала қатысады. Ортада төрт қамшы жатады. Балалар шеңбер жасап, күй әуенімен айналып билеп жүреді. Әуен тоқтаған кезде жерде жатқан қамшыны жылдам алу керек. Ең соңғы қамшыны алған бала жеңімпаз болады. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау					

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: Топар жалпы білім беретін мектеп жанындағы шағын орталық

Топ: «Күншуақ» әртүрлі жас орыс тобы

Балалардың жасы: 3 - 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 14.04 – 18.04. 2025 жыл (3-апта)

Күн тәртібі	Дүйсенбі 14.04	Сейсенбі 15.04	Сәрсенбі 16.04	Бейсенбі 17.04	Жұма 18.04
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Ыдыстар» «Мектепке дейінгі балалардың қазақ тілінде қарым-қатынасын дамытудағы көркемдік сөздің маңызы» әңгімелесу				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Самғау» күйі https://lmusic.kz/mp3/bauyrzhan-makaev-samgau/19003 «Күй күмбірі» күй тыңдау				
Сөздік минимум	қызанақ, сәбіз, қияр, картоп. Мен қияр жеймін.	қызанақ, сәбіз, қияр, картоп. Мен қияр жеймін.	Қасық, шанышқы, салат. Ботқаны қасықпен жеймін. Салатты шанышқымен жеймін.		Үстелге бес кесе, бес тәрелке, бес қасық, бес шанышқы қоямын.
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	<u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Мен қасықпен жеймін» Міндеттері: балаларды ыдыс атауларымен таныстыру (қасық, шанышқы); «Мен қасықпен жеймін», «Мен шанышқымен жеймін» сөйлем құрылымын үйрету; баланың сөздік қорын кеңейтіп, тілдік қарым- қатынасқа тарту.	<u>Ортаңғы топ</u> Тақырыбы: «Мен сәбіз жеймін» Міндеттері: қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету. Амандасу, шаттық шеңбері Балалар, салатты кім жақсы көреді? Қандай салат түрлерін білесіңдер? Салатты неден жасайды? Көкөністен жасалған	<u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Дастарқан жай» Міндеттері: ыдыс атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; ыдыстарды жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. Ғажайып сәт		<u>Ересек топ</u> Тақырыбы: «Мен сәбіз жеймін» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. Амандасу, шаттық шеңбері Балалар, салатты кім жақсы көреді? Қандай салат түрлерін білесіңдер?

	Амандасу, шаттық шеңбері - Балабақшада таңғы асқа не жейміз? - Нан мен май, жұмыртқа, ботқа, шай. - Ботқаны қандай ыдысқа салады, оны немен жейміз? - Ботқаны тәрелкеге салады, оны қасықпен жейміз. - Қасық не үшін қажет? - Қасықты қалай ұстау керек? - Қасықпен не жей аламыз? Тыңда, қайтала. - Мынау – қасық. - Мынау – шанышқы. Есте сақта! Немен? Қасықпен Шанышқымен Суретпен жұмыс Мен қасықпен жеймін. Мен шанышқымен жеймін. Кел сөйлесейік! Мынау – ботқа. Мен ботқа жеймін. Мен ботқаны қасықпен жеймін. Мынау – салат. Мен салат жеймін.	салаттар өте дәмді және өте пайдалы. Ендеше біздің тақырыбымыз «көкөністер» деп аталады, бүгін көкөністердің қазақша атауларын есте сақтап алайық. Бейнежазба көру «Көкөністер» Топпен жұмыс «Қара да ата» (хормен және жеке бірнеше рет қайталау): Кө-ө-ө-көні-і-істер. Қ-қ-қияр. Қ-қ-қызанақ-ақ-ақ. Картоп. Пияз. Сә-ә-әбі-і-і-із, Балалар көкөністердің атауларын білгеннен кейін жеймін деген сөздің мәнін түсіндіреді. «Жеймін» ойыны. Педагог сәбіздің муляжын балаларға көрсетеді де «Мен сәбіз жеймін» деп айтады, балалар педагогпен бірге қайталайды. «Пойыз» ойыны Міндеті: қазақ тіліндегі сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету Шарты: отырған балаларға көкөністердің	Балаларға қонаққа Айгөлек қуыршақ келді. Балалар, бүгін бізге қонаққа Айгөлек қуыршақ келді. Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сәлеметсің бе, Дана қуыршақ! Қонаққа не береміз? Дұрыс, шай береміз. Шайды беру үшін не керек? Ыдыс-аяқ керек. Суреттермен жұмыс «Аудармашы» - Кесе - пиала - Тәрелке - тарелка - Қасық - ложка - Шанышқы - вилка - Пышақ - нож - Шәйнек – чайник Дидактикалық ойын: «Аз және көп» Балалар ыдыстарды жекеше және көпше түрде қолдануға дағдыланады. Кесе - кеселер Тәрелке - тәрелкелер Қасық - қасықтар Шанышқы - шанышқылар Пышақ - пышақтар Шәйнек – шәйнектер Дидактикалық ойын: «Дастарқан жаса» Балалардың	Салатты неден жасайды? Көкөністен жасалған салаттар өте дәмді және өте пайдалы. Ендеше біздің тақырыбымыз «көкөністер» деп аталады, бүгін көкөністердің қазақша атауларын есте сақтап алайық. Бейнежазба көру «Көкөністер» Топпен жұмыс «Қара да ата» (хормен және жеке бірнеше рет қайталау): Кө-ө-ө-көні-і-істер. Қ-қ-қияр. Қ-қ-қызанақ-ақ-ақ. Картоп. Пияз. Сә-ә-әбі-і-і-із, Балалар көкөністердің атауларын білгеннен кейін жеймін деген сөздің мәнін түсіндіреді. «Жеймін» ойыны. Педагог сәбіздің муляжын балаларға көрсетеді де «Мен сәбіз жеймін» деп айтады, балалар педагогпен бірге қайталайды. «Пойыз» ойыны Міндеті: қазақ тіліндегі сөйлемдерді түсіну және қолдана білуге үйрету Шарты: отырған балаларға көкөністердің
--	--	---	---	---

	Мен салатты шанышқымен жеймін. Жұмбақ шешейік Аяғы жоқ, басы бар Іліп алған асы бар. Тиген кезде қолыңа Аузыңа тез асыңар. Қорытынды – Біз бүгін қандай сөздер үйрендік? – Қане, бәріміз айтайық: Мен ботқаны қасықпен жеймін! Балаларды мадақтау, белсенділерге жұлдызша тарату.	суреттері таратылады. Баяу әуен ырғағымен балалар суреттерді бір-біріне бере бастайды. Әуен тоқтаған кезде әрбір бала өзіне дәл келген суретке қарап, өзінде қандай көгөніс қалғанын көреді де, «Мен қызанақ жеймін», «Мен картоп жеймін» деп жауап береді. Саусақ жаттығуы «Көкөністер» Бір, екі, үш, төрт, бес Көкөністерді санайық тез. Бір – картоп, екі – пияз, Үш - қызанақ. Төрт – қызылша, қияр – бес. Санап алдық бәрін біз. Ән тыңдайық: «Көкөністер әні» Қорытынды: «Блум текшесі» Бала текшені лақтырады да түскен жақтағы көкөністің атауына сай атайды.	байланыстырып сөйлеуі дамиды Дастарқанға бес қасық қоямын. Дастарқанға бес шанышқы қоямын. Дастарқанға бес пышақ қоямын. Дастарқанға бес кесе қоямын. Дастарқанға бес тәрелке қоямын. Дидактикалық ойын: «Мына қасық пен кесе кімге?» Балалар қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беруге дағдыланады. Мына қасық атама. Мына қасық әжеме. Мынау қасық әкеме. Мына қасық анама. Мына қасық маған. Мына кесе атама. Мына кесе әжеме. Мынау кесе әкеме. Мына кесе анама. Мына кесе маған. Дидактикалық ойын. «Дастарқан жаямыз». Балаларға дастарқан жаю тәртібі көрсетіледі. Бір бала педагогтің тапсырмасын орындайды. Дастарқанға қойылған ыдыстар аталып,	суреттері таратылады. Баяу әуен ырғағымен балалар суреттерді бір-біріне бере бастайды. Әуен тоқтаған кезде әрбір бала өзіне дәл келген суретке қарап, өзінде қандай көгөніс қалғанын көреді де, «Мен қызанақ жеймін», «Мен картоп жеймін» деп жауап береді. Саусақ жаттығуы «Көкөністер» Бір, екі, үш, төрт, бес Көкөністерді санайық тез. Бір – картоп, екі – пияз, Үш - қызанақ. Төрт – қызылша, қияр – бес. Санап алдық бәрін біз. Ән тыңдайық: «Көкөністер әні» Қорытынды: «Блум текшесі» Бала текшені лақтырады да түскен жақтағы көкөністің атауына сай атайды.
--	---	--	---	---

			әрқайсының не үшін қажеттігі анықталады. - Балжан, үстелге дастарқанды жай. Дұрыс. Енді нені қоямыз? Дұрыс, нансалғышқа шелпек пен бауырсақ саламыз. Не істедің? - Ермек, Балжан, бауырсақты қайда саламыз? Нансалғышқа саламыз. Қайтала. Жарайсыңдар! - Дамир, енді не керек? Қантсалғышқа қант саламыз. Асқат, қантты қайда саламыз? Қантсалғышқа саламыз. Жарайсың! - Нұргүл, тәттілер салатын ыдысқа не саламыз? Жарайсың! Конфет саламыз. - Ақбар, дастарқанға тағы нені қоямыз? Сүтқұйғыш қоямыз. - Тағы да не? Дұрыс, шай мен шайнек қоямыз. Тамаша! - Ал, енді қонақтарды жаюлы дастарқанға шақырайық. Қош келдіңдер! «Қонақ күтеміз» сөздік жаттығуы. Қонақтар келеді. - Ал, қонақтар, мерекелі дастарқаннан дәм		
--	--	--	---	--	--

			татып, шай ішіндер! (шай құюды көрсету) - Балалар, мен Айгөлекке: «Айгөлек, бауырсақ жей ғой» - деп айтамын. Айгөлек маған: «Рақмет!» - деп айтты. «Ас болсын!» - деп айттым. - Іңкәр, қонаққа сен не дейсің? Дұрыс, шай іш (бауырсақ же). Тамаша! Қимылды әрекет «Кесемен шай ішу» Кейіпкермен қоштасу - Мінекей, балалар, қонақтар шай мен бауырсаққа тойды. Рақмет айтып жатыр. - Біз не айтамыз? Сау болыңдар! - Сау болыңдар! Қорытынды: Балалар, бүгінгі ойындар ұнады ма? Қандай ойын ойнадық? Кімді күттік? Қонақ күттік. Жарайсыңдар! Балалар, бүгін сендер өте белсенді, қонақжай, нағыз дос болдыңдар. Қонақтар сендерге риза. Енді сендер қонақты қалай күту керектігін білесіңдер. Жарайсыңдар!		
--	--	--	---	--	--

Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	<u>5 жастағы балалар</u> Кел сөйлесейік! Мынау – ботқа. Мен ботқа жеймін. Мен ботқаны қасықпен жеймін. Мынау – салат. Мен салат жеймін. Мен салатты шанышқымен жеймін.	<u>3 жастағы балалар</u> «Тыңда, қайтала» Кө-ө-ө-көні-і-істер. Қ-қ-қияр. Қ-қ-қызанақ-ақ-ақ. Картоп. Пияз. Сә-ә-әбі-і-із .	<u>5 жастағы балалар</u> Қимылды әрекет «Кесемен шай ішу» Аққұманды аламыз, Ішіне шай саламыз Суды құйып толтыра Шайды демдеп аламыз. Кесе, қасық аламыз Шайға қант саламыз Араластыра жайменен Шайды ішіп аламыз		<u>4 жастағы балалар</u> Саусақ жаттығуы «Көкөністер» Бір, екі, үш, төрт, бес Көкөністерді санайық тез. Бір – картоп, екі – пияз, Үш - қызанақ. Төрт – қызылша, қияр – бес. Санап алдық бәрін біз.
	«Менің Қазақстаным» ҚР Гимні орындау «Біртұтас тәрбие» жоспары бойынша	«Алшы» ойыны Сипаттамасы: Бұл ойында асықты иіру арқылы кімнің асығы алшы түсетінін анықтайды. Алшы түскен ойыншы жеңімпаз болып саналады. Құралдар: 4 немесе одан да көп асық. Ойын ережесі: Әр ойыншы кезекпен асық иіреді. Алшы түскен асық жеңімпазды анықтайды. Егер бірнеше ойыншының асығы алшы түссе, олар қайтадан иіреді. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау			

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: Топар жалпы білім беретін мектеп жанындағы шағын орталық

Топ: «Күншуақ» әртүрлі жас орыс тобы

Балалардың жасы: 3 - 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 21.04 – 25.04. 2025 жыл (4-апта)


Күн тәртібі	Дүйсенбі 21.04	Сейсенбі 22.04	Сәрсенбі 23.04	Бейсенбі 24.04	Жұма 25.04
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Ыдыстар» «Мектепке дейінгі балалардың қазақ тілінде қарым-қатынасын дамытудағы көркемдік сөздің маңызы» әңгімелесу				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Көңіл ашар» күйі https://lmusic.kz/mp3/ajbek-bekbosyn-konil-ashar/23318 «Күй күмбірі» күй тындау				
Сөздік минимум	Қасық, шанышқы, салат. Ботқаны қасықпен жеймін. Салатты шанышқымен жеймін.	Қасық, шанышқы, салат. Ботқаны қасықпен жеймін. Салатты шанышқымен жеймін.	Балмұздақ, тәтті. Маған балмұздақ ұнайды.		Үстелде не бар? Сен не аласың? Сен не ішесің?
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	<u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Балмұздақ» Міндеттері: жаңа сөздерді меңгерту: <i>балмұздақ, тәтті, маған балмұздақ ұнайды;</i> балалардың қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту; балалардың есте сақтау, тыңдау және байланыстырып сөйлеу қабілеттерін жетілдіру Шаттық шеңбері: «Сәлем, балақай,	<u>Ортаңғы топ</u> Тақырыбы: «Мен қасықпен жеймін» Міндеттері: қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету. Амандасу, шаттық шеңбері - Балабақшада таңғы асқа не жейміз? - Нан мен май, жұмыртқа, ботқа, шай. - Ботқаны қандай ыдысқа салады, оны немен	<u>Мектепалды тобы</u> Сабақтың тақырыбы: «Кел, қайталайық!» Міндеттері: тағам мен сусын түрлері бойынша сөздерді қайталау; қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту; балалардың есте сақтау қабілеттерін, зейінін, тілдік шығармашылықтарын жетілдіру. Шаттық шеңбері: Балалармен амандасу. Көңіл күй шеңбері:		<u>Ересек топ</u> Тақырыбы: «Мен қасықпен жеймін» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. Амандасу, шаттық шеңбері - Балабақшада таңғы асқа не жейміз? - Нан мен май, жұмыртқа, ботқа, шай.

	сәлем!» әнімен амандасу Көңіл-күй шеңбері: түрлі смайликтер арқылы бүгінгі көңіл- күйін көрсету Қызығушылықты ояту: Мұздатқыштан балмұздақ суреті шығады Жұмбақ шешу: <i>Салқын, тәтті, дәмді, Ол не? (Балмұздақ)</i> Сөз үйрету (қайталату арқылы) Балмұздақ Тәтті Маған балмұздақ ұнайды Қимылмен: – (Суретті көрсетіп) Бұл – балмұздақ. – (Дәмді нәрсені көрсеткендей) Бұл – тәтті! – (Көкірегін қолмен көрсетіп) Маған балмұздақ ұнайды! Балалардан жеке-жеке сұра: – Саған не ұнайды? – Маған балмұздақ ұнайды. – деп жауап береді. Сұраққа жауап бер Балмұздақ қандай? Балмұздақ тәтті.	жейміз? - Ботқаны тәрелкеге салады, оны қасықпен жейміз. - Қасық не үшін қажет? - Қасықты қалай ұстау керек? - Қасықпен не жей аламыз? Тыңда, қайтала. - Мынау – қасық. - Мынау – шанышқы. Есте сақта! Немен? Қасықпен Шанышқымен Суретпен жұмыс Мен қасықпен жеймін. Мен шанышқымен жеймін. Кел сөйлесейік! Мынау – ботқа. Мен ботқа жеймін. Мен ботқаны қасықпен жеймін. Мынау – салат. Мен салат жеймін. Мен салатты шанышқымен жеймін. Жұмбақ шешейік Аяғы жоқ, басы бар Іліп алған асы бар. Тиген кезде қолыңа Аузыңа тез асығар. Қорытынды	Көңіл күйлерін сұрап, тақырыпқа сәйкес көңілді әуен ойнату. Қызығушылықты ояту – Қандай тағамдарды білесіңдер? – Сендерге қандай сусын ұнайды? Сөздермен жұмыс: Оқытушы әр сөзді айтып, балалар қайталайды. Әр сөздің мағынасын түсіндіреді. – Нан: <i>Нан – әрбір үйде болатын негізгі тағам. Ол таңертең, кешке жеуге болады.</i> – Сүт: <i>Сүт – пайдалы сусын. Ол балалардың күш-қуатын арттырады.</i> – Шырын: <i>Шырын – дәмді және сергітетін сусын. Ол жемістерден жасалады.</i> Суретпен жұмыс Үстелде не бар? Үстелде алма шырыны, нан, сүт бар. Ойын: «Не ішеміз, не жейміз?» Балаларға тағам мен сусындардың суреттері көрсетіледі. Балалар оларды дұрыс атайды: – «Мен нан жеймін», – «Мен сүт ішемін»,	- Ботқаны қандай ыдысқа салады, оны немен жейміз? - Ботқаны тәрелкеге салады, оны қасықпен жейміз. - Қасық не үшін қажет? - Қасықты қалай ұстау керек? - Қасықпен не жей аламыз? Тыңда, қайтала. - Мынау – қасық. - Мынау – шанышқы. Есте сақта! Немен? Қасықпен Шанышқымен Суретпен жұмыс Мен қасықпен жеймін. Мен шанышқымен жеймін. Кел сөйлесейік! Мынау – ботқа. Мен ботқа жеймін. Мен ботқаны қасықпен жеймін. Мынау – салат. Мен салат жеймін. Мен салатты шанышқымен жеймін. Жұмбақ шешейік Аяғы жоқ, басы бар Іліп алған асы бар. Тиген кезде қолыңа Аузыңа тез асығар. Қорытынды – Біз бүгін қандай сөздер үйрендік?
--	--	---	--	---

	Маған балмұздақ ұнайды. Сен балмұздақ жейсің бе? Мен балмұздақ жеймін Диалог: – Бұл не? (Бұл – балмұздақ.) – Балмұздақ қандай? (Тәтті, суық, дәмді.) - Маған балмұздақ ұнайды. Сергіту сәті: «Балмұздақ билеп жүр» әніне қимылмен би <i>Балмұздақтай тәттіміз, Билейміз де, күлеміз! Жазғы күнде сүйікті, Салқындап біз жүреміз!</i> Ойын: «Балмұздақтың түсін тап!» Мақсаты: Балалардың түс пен балмұздақтың түрлерін сәйкестендіру арқылы түстерді танып, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қажетті құралдар: Балмұздақтың әртүрлі түстері мен дәмдері бар суреттер немесе картоннан жасалған балмұздақтар (мысалы, қызыл, көк, жасыл,	– Біз бүгін қандай сөздер үйрендік? – Қане, бәріміз айтайық: Мен ботқаны қасықпен жеймін! Балаларды мадақтау, белсенділерге жұлдызша тарату.	– «Мен алма жеймін» және т.б. Сұраққа жауап бер Сен не ішесің? Мен су ішемін Мен шырын ішемін Сергіту сәті: Балаларға жеңіл қимылдармен сергітетін өлең айту: – «Алма жеймін, шырын ішемін, Нан жеймін, сүт ішемін!» Балалар бірге айтып, іс-қимылдарын көрсетеді. Топтық жұмыс: – Балалар тағам мен сусынның суреттерін таңдап, тақтаға жабыстырады. – Әр бала өз таңдаған тағамы немесе сусын туралы сөйлем құрайды: <i>«Мен нан жеймін.»</i> <i>«Мен шырын ішемін.»</i> <i>«Мен сүт ішемін.»</i> Қорытындылау: – Қандай тағамды жақсы көресіңдер? – Қандай сусын ішесіздер? – Тағам мен сусындардың қандай түрлерін білесіздер? Әр бала өз пікірін айтып, қол шапалақтау арқылы іс-әректті аяқтайды.		– Қане, бәріміз айтайық: Мен ботқаны қасықпен жеймін! Балаларды мадақтау, белсенділерге жұлдызша тарату.
--	---	---	---	--	---

	сары, ақ және т.б.) Картон немесе қағазға түрлі түстермен боялған кружкалар (балмұздаққа ұқсас пішіндер) Ойынның барысы: Ойынға дайындық: Оқытушы балаларға балмұздақтың түрлі түстерімен жасалған картон немесе қағаздан қиылған суреттерді таратады. Ойынның ережесі: Оқытушы әртүрлі түстер мен дәмдерге қатысты сұрақтар қояды, балалар сол түсті дұрыс таңдап, жауап береді: «Қандай балмұздақ қызыл?» – балалар қызыл түсті балмұздақты таңдайды (қызыл балмұздақ, мысалы, құлпынай немесе шие дәмі). «Жасыл балмұздақ қандай?» – балалар жасыл түсті балмұздақты таңдайды (жасыл балмұздақ, мысалы, көк шөп немесе лайм дәмі). «Ақ балмұздақтың дәмі қандай?» – балалар ақ түсті балмұздақты таңдайды (ақ балмұздақ, мысалы, ваниль). Балалармен диалог:				
--	--	--	--	--	--

	Оқытушы: – Балмұздақ қандай түсті? – Бұл қызыл! Оқытушы: – Бұл қандай дәм? – Бұл балмұздақ – құлпынай немесе шие! – Қай балмұздақ тәтті? Қорытындылау: Балаларға сұрақтар қою: Сен балмұздақты жақсы көресің бе? Балмұздақ қандай болады? Қай түс ұнайды? Мадақтау: Шапалақ шеңбері: бір-біріне шапалақтап рақмет айту				
Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	<u>5 жастағы балалар</u> Кел сөйлесейік – Бұл не? (Бұл – балмұздақ.) – Балмұздақ қандай? (Тәтті, суық, дәмді.) - Маған балмұздақ ұнайды. «Менің Қазақстаным» ҚР Гимні орындау «Біртұтас тәрбие» жоспары бойынша	<u>3 жастағы балалар</u> Тыңда, қайтала. Мынау – қасық-қ-қ Мынау – шанышқы-қы	<u>5 жастағы балалар</u> Сұраққа жауап бер Сен не ішесің? Мен су ішемін Мен шырын ішемін		<u>4 жастағы балалар</u> Кел сөйлесейік! Мынау – ботқа. Мен ботқа жеймін. Мен ботқаны қасықпен жеймін. Мынау – салат. Мен салат жеймін. Мен салатты шанышқымен жеймін.
		Мнемокесте арқылы мақал-мәтел жаттайық			



«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: Топар жалпы білім беретін мектеп жанындағы шағын орталық

Топ: «Күншуақ» әртүрлі жас орыс тобы

Балалардың жасы: 3 - 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 28.04 – 02.05. 2025 жыл (1-апта)

Күн тәртібі	Дүйсенбі 28.04	Сейсенбі 29.04	Сәрсенбі 30.04	Бейсенбі 01.05	Жұма 02.05
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Жиһаздар» «Мектепке дейінгі балалардың қазақ тілінде қарым-қатынасын дамытудағы көркемдік сөздің маңызы» әңгімелесу				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Аққу» күйі https://zyki.com/song/103069657/N_r_isa_T_lendiev_or_N_r_isa_T_lendiev_-_A_u/ «Күй күмбірі» күй тыңдау				
Сөздік минимум	Ағаш, шырша, жапырақ	Ағаш, шырша, жапырақ	Үстел, орындық, кереует, кілем, сөре, теледидар, тоңазытқыш	.	Жиһаз, гауһар, айдаһар
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	<u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Жиһаздар» Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, і, ы, ұ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; жиһаздардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру,	<u>Ортаңғы топ</u> Тақырыбы: «Ағаштар» Міндеттері: қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету. Қазір қай мезгіл? Көктем мезгілінің ерекшеліктерін атайықшы. Қар ериді. Құстар ұшып келеді. Ағаштар бүршік атады. Балалар, сендер орманда болып көрдіңдер ме? Орманда не бар?	<u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «h дыбысы» Міндеттері: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге және есте сақтауға, ол сөздерді қолдана білуге; қазақ тіліне тән h дыбысын айтуға үйрету; тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға		<u>Ересек топ</u> Тақырыбы: «Ағаштар» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. Қазір қай мезгіл? Көктем мезгілінің ерекшеліктерін атайықшы. Қар ериді. Құстар ұшып келеді. Ағаштар бүршік атады. Балалар, сендер орманда болып көрдіңдер ме?

	диалогке қатысуға үйрету. Балалар, біз қайда тұрамыз? Біз үйде тұрамыз. Үйде не бар? Үйде үстел, орындық, кереует, теледидар бар. Оларды бір сөзбен қалай атаймыз? Жиһаздар. Біз бүгін жиһаздың қазақша атауын есте сақтайтын боламыз. Бейнежазба көру «Бөлмеде» «Үйде не бар?» жаттығуы Көрнекілік суреттерді көрсету. - Балалар, мынау үстел. Мынау орындық. Мынау диван. Мынау төсек. Мынау шкаф. - Балалар, осы заттардың барлығын жиһаз деп айтамыз. Топпен жұмыс «Қара да ата» Ү-ү-үстел. Орындық-қ-қ. Кереует. Сө-ө-өре. Теледидар. Тоң-ң-назыт-қ-қ-қыш «Қажет, қажет емес» жаттығуы.	Орманда аю, қасқыр, түлкі, кірпі, тиін, қоян бар. Ағаштар мен саңырауқұлақтар бар. Балалар, мен сендерге ағаш түрлерінің атауын қазақша үйретейін бе? Ендеше біз бүгін қазақ тіліндегі ағаштардың атауын білеміз және оны есте сақтаймыз. Топпен жұмыс «Ағаш құрылымы» (хормен және жеке бірнеше рет қайталау): Мынау – ағаш. Мынау – ағаштың тамыры. Мынау – ағаштың діңі. Мынау – ағаштың бұтақтары. Көктемде ағаштар бүршік жарады. Бүршік өсіп жапырақ болады. Дидактикалық ойын «Ағаш неден тұрады?» Мақсаты: сұраққа жауап беруге үйрету. Ағаштың тамыры, діңі, бұтақтары, жапырақтары бар. Дидактикалық ойын «Қара да ата» Мақсаты: ағаштардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.	үйрету - Балалар, суреттердегі бейнелерді атайықшы. Педагог балаларға [h] дыбысын сөздердің құрамында дауыспен анық көрсетеді, балаларға да дыбыстық артикуляциясын қайталатып жатады. - Балалар, «қаһарман», «жиһаз», «ғауһар тас», «шаһар» сөздерін айтқанда, ерекше естілетін дыбысты байқаймыз. - Бұл қай дыбыс? Тағы бір қайталайықшы. - Сол дыбысты бөлек айтайық. h - h - h - h - h ... Педагог әр балаға дыбысты айтқызады. «h» дыбысының артикуляциясы. - Балалар, [h] дыбысын дұрыс айтуды үйреніп алайық. - [h] дыбысын айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында түрлі кедергілерге ұшырап, ауа қысылып шығады. - Жазуда [h] дыбысын h h әрпі білдіреді. Тіл ұстарту	Орманда не бар? Орманда аю, қасқыр, түлкі, кірпі, тиін, қоян бар. Ағаштар мен саңырауқұлақтар бар. Балалар, мен сендерге ағаш түрлерінің атауын қазақша үйретейін бе? Ендеше біз бүгін қазақ тіліндегі ағаштардың атауын білеміз және оны есте сақтаймыз. Топпен жұмыс «Ағаш құрылымы» (хормен және жеке бірнеше рет қайталау): Мынау – ағаш. Мынау – ағаштың тамыры. Мынау – ағаштың діңі. Мынау – ағаштың бұтақтары. Көктемде ағаштар бүршік жарады. Бүршік өсіп жапырақ болады. Дидактикалық ойын «Ағаш неден тұрады?» Мақсаты: сұраққа жауап беруге үйрету. Ағаштың тамыры, діңі, бұтақтары, жапырақтары бар. Дидактикалық ойын «Қара да ата» Мақсаты: ағаштардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Мынау – қайың.
--	--	--	---	---

	Асүй мен жатын бөлмесіндегі жиһаздардың дұрыс және қате орналастырылған суреттер сериясы көрсетіледі. 1. Асүйде үстел мен орындық. - Балалар, бізге тамақ ішу керек. (Пантомима қолданылады.) Асханаға үстел мен орындық қоюымыз керек пе? Иә. Үстел мен орындықты қою керек. Қайталаймыз. - Орындыққа отырады. Қайталаймыз. Жарайсыңдар! - Үстел басында тамақтанады. 2. Асүйде үстел, орындық пен төсек. - Балалар, асүйге төсек қоямыз ба? Төсек қажет емес. Қайталаймыз. 3. Жатын бөлмеде төсек. - Адамдар төсекте ұйықтайды. 4. Жатын бөлмеде төсек пен асүйге арналған шкаф бар. - Балалар, жатын бөлмеге асүй шкафын қоюға бола ма? Жоқ. Асүй шкафын жатын	Мынау – қайың. Мынау – терек. Мынау – емен. Мынау – қарағай. Мынау – шырша. Сұраққа жауап бер: «Ағаштан не жасайды?» Ағаштан үстел, орындық, шкаф, терезе, есік, кереует, тостаған, киіз үй керегесін, шаңырағын, есігін, уығын жасайды. Тақпақ жаттау: Алдымнан жел еседі, Тербеледі ағаштар. Кіп-кішкентай ағаштар Үлкен болып өседі. Қимыл: «Шыршамен жаттығу» Қорытынды: ағаштардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді балаларды мақтайды.	жаттығулары. Кітапқұмар Қаһарды, Таппаған соң шаһардан. Алтынай қалап «Қаһарды» Сұрап алды Гауһардан. Ман - ман - ман Менің атам қа-һар-ман Һар-һар-һар Ызalandы ай-да-һар Һар-һар-һар Әдемі қыз Гау-һар Ша-ша-ша Шаһарда бар ма қаша? Жи-жи, қа-ғаз Біздің үйде жи-һаз Һаһ - һиһ – һуһ Хабар - шаһар - қаһар Хат - рақат - аққала - айдаһар «Сөздерді ата, буындарға бөл» жаттығуы. Балаларға айтуға ұсынылатын сөздер: гауһар, қаһар, шаһар, жиһаз, қаһарман, жиһанкез. «Жиһаз», «шаһар», «айдаһар» сөздеріне дыбыстық талдау жасау жаттығуы. «Жаңылтпашты жаңылмай айт» жаттығуы. Мақсаты. Балалардың тыныс алу	Мынау – терек. Мынау – емен. Мынау – қарағай. Мынау – шырша. Дидактикалық ойын «Қалқан жапырақты және жапырақты ағаштар» Мақсаты: ағаштардың атауларын айту. Сұраққа жауап бер: «Ағаштан не жасайды?» Ағаштан үстел, орындық, шкаф, терезе, есік, кереует, тостаған, киіз үй керегесін, шаңырағын, есігін, уығын жасайды. Тақпақ жаттау: Алдымнан жел еседі, Тербеледі ағаштар. Кіп-кішкентай ағаштар Үлкен болып өседі. Қимыл: «Шыршамен жаттығу» Қорытынды: ағаштардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді балаларды мақтайды.
--	---	--	--	--

	бөлмесіне қоймаймыз. Жаттығу кезінде басқа балалар үлгіні қолданып, қайталай алатын балалардың жеке жауаптарын қамтуға тырысады. Олардың мысалдарын сөйлеу дағдыларын жаттықтыруды қажет ететін балалар қайталай алады. Дидактикалық ойын: «Біреу және көп» Балалардың зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдылары қалыптасады. Үстел – үстелдер. Орындық – орындықтар. Кереует – кереуеттер. Сөре – сөрелер. Теледидар – теледидарлар. Тоңазытқыш – тоңазытқыштар. Дидактикалық ойын: «Не үшін керек?» Балалар қарапайым сұрақ қояды және оларға жай сөйлеммен жауап беруге дағдыланады. Орындық не үшін керек? Орындыққа отырамыз.		мүшелерінің мүмкіндіктерін дамыту, артикуляцияны жетілдіру. Қаһарлы айдаһар Шаһарға келіп, Қаһарланар. «Пазл құрастыр» әдісі. Сөздік жұмыс. Берліген суреттердің көмегімен сөйлем құрау. Гаяһар тас. Гаяһар тас әдемі. Айдаһар. Айдаһар зұлым. Шаһар. Үлкен шаһар. Жиһаз. Ағаш жиһаз. ҚОРЫТЫНДЫ - Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекеттен сөз қоржындарыңа қандай сөз салдыңдар? - Бүгін не үйрендік? - Қандай дыбыспен таныстық? Һ қандай дыбыс екен? - Һ дыбысына байланысты сөздерді айтайық. - Һ дыбысы сөздің қай жерінде кездеседі? - «Қаһарман» сөзінің мағынасы қандай? - Балалар, бүгін сендердің өте зерек, ұқыпты, ұйымшыл болғандарың, тапсырмаларды дұрыс		
--	--	--	---	--	--

	Кереует не үшін керек? Кереуетке жатамыз. Үстел не үшін керек? Теледидар не үшін керек? Қимылды әрекет: Оң жағымда үстелім, Сол жағымда орындығым Ортасында төсек тұр Өзі сондай жайлы тым. Бейнелеу әрекеті: Боя, есте сақта. Балалар орындықтарды сары түске бояйды. Қорытынды: - Балалар, біз не істедік? Иә, бөлмелерге жиһаздарды дұрыс орналастырдық. «Сенде не бар?» рефлексиясы. Үстелдің бетінде әртүрлі ретпен жиһаздардың заттық суреттері жайылып жатады. Олар: үстел, орындық, шкаф, төсек, диван. - Балалар, маған жиһаздың суреті бейнеленген бір карточканы алып келіңдерші. сенде не бар?		орындағандарыңнан байқалды. Жарайсыңдар!		
--	--	--	---	--	--

Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	<u>5 жастағы балалар</u> Дидактикалық ойын: «Не үшін керек?» Балалар қарапайым сұрақ қояды және оларға жай сөйлеммен жауап беруге дағдыланады. Орындық не үшін керек? Орындыққа отырамыз. Кереует не үшін керек? Кереуетке жатамыз. Үстел не үшін керек? Теледидар не үшін керек?	<u>3 жастағы балалар</u> Сұраққа жауап бер: «Ағаштан не жасайды?» Ағаштан үстел, орындық, шкаф, терезе, есік, кереует, тостаған, киіз үй керегесін, шаңырағын, есігін, уығын жасайды.	<u>5 жастағы балалар</u> Дидактикалық ойын: «Не үшін керек?» Балалар қарапайым сұрақ қояды және оларға жай сөйлеммен жауап беруге дағдыланады. Орындық не үшін керек? Орындыққа отырамыз. Кереует не үшін керек? Кереуетке жатамыз. Үстел не үшін керек? Теледидар не үшін керек?		<u>4 жастағы балалар</u> «Пазл құрастыр» әдісі. Сөздік жұмыс. Берліген суреттердің көмегімен сөйлем құрау. Гауһар тас. Гауһар тас әдемі. Айдаһар. Айдаһар зұлым. Шаһар. Үлкен шаһар. Жиһаз. Ағаш жиһаз.
«Алшы» ойыны Сипаттамасы: Бұл ойында асықты иіру арқылы кімнің асығы алшы түсетінін анықтайды. Алшы түскен ойыншы жеңімпаз болып саналады. Құралдар: 4 немесе одан да көп асық. Ойын ережесі: Әр ойыншы кезекпен асық иіреді. Алшы түскен асық жеңімпазды анықтайды. Егер бірнеше ойыншының асығы алшы түссе, олар қайтадан иіреді. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау					

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: Топар жалпы білім беретін мектеп жанындағы шағын орталық

Топ: «Күншуақ» әртүрлі жас орыс тобы

Балалардың жасы: 3 - 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 05.05 – 08.05. 2025жыл (2-апта)

Күн тәртібі	Дүйсенбі 05.05	Сейсенбі 06.05		Бейсенбі 08.05	
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Киімдер» «Мектепке дейінгі балалардың қазақ тілінде қарым-қатынасын дамытудағы көркемдік сөздің маңызы» әңгімелесу				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Әке толғауы» күйі https://lmusic.kz/mp3/asylbek-ensepov-adaj-ake-tolgauy/16462 «Күй күмбірі» күй тыңдау				
Сөздік минимум	Маған қайың ұнайды. Маған шырша ұнайды. Маған қарағай ұнайды.	Маған қайың ұнайды. Маған шырша ұнайды. Маған қарағай ұнайды.	Шалбар, көйлек, жейде, кеудеше, жемпір		Үлкен шалбар, кішкентай шалбар, қызыл көйлек, сары көйлек, жаңа жемпір, ескі жемпір
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	<u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Қызыл көйлек» Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, і, ы, ұ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; киім атауларын және оның түсін, сапасын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қояды және оларға	<u>Ортаңғы топ</u> Тақырыбы: «Менің сүйікті ағашым» Міндеттері: қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету. Қазір қай мезгіл? Қазір көктем мезгілі. Ағаштар да бүршік жарып, жапырақтарын жая бастады. Балалар, ағаштың құрылымын атайықшы. Ағаштың тамыры, діңі, бұтақтары, жапырақтары	<u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Киімдер» Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, і, ы, ұ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; киім атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру;		<u>Ересек топ</u> Тақырыбы: «Менің сүйікті ағашым» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. Қазір қай мезгіл? Қазір көктем мезгілі. Ағаштар да бүршік жарып, жапырақтарын жая бастады. Балалар, ағаштың құрылымын атайықшы.

	жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. Балалар, құстар мен жануарларға киім керек пе? Ал адамдар киімсіз жүре алмайды. Біз бүгін киімдер туралы тақырыбымызды жалғастырамыз. Алдымен түстерді қайталап алайық. Бейнежазба көру «Түстер» Топпен жұмыс «Тыңда және қайтала» (хормен және жеке бірнеше рет қайталау): Мынау қандай түс? Мынау – қызыл. Қызыл киімдерді атайық: қызыл шалбар, қызыл көйлек, қызыл күртеше. Мынау қандай түс? Мынау – жасыл. Жасыл киімдерді атайық: жасыл шалбар, жасыл қолғап, жасыл күртеше. Мынау қандай түс? Мынау – сары. Сары киімдерді атайық: сары көйлек,	бар. Ағаштардың түрі өте көп. Біз қандай ағаштарды білеміз? Қайың, терек, емен, шырша, қарағай. Балалар, біз бүгін ағаштар тақырыбын жалғастырамыз және ең сүйікті ағаштарымызды атаймыз. Саусақ жаттығуы: Бір, екі, үш, төрт, бес Жапырақ жина тез. Қайың жапырағы, Терек жапырағы, Емен жапырағы, Қарағай инесі, Шырша инесін, Жинаймыз, Анамызға сыйлаймыз. Дидактикалық ойын «Менің сүйікті ағашым» Мақсаты: сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды үйрету. Маған қайың ұнайды. Ол әдемі. Маған емен ұнайды. Ол өте үлкен. Маған терек ұнайды. Ол биік. Маған шырша ұнайды. Оны жаңа жыл мерекесінде безендіреді. Сұраққа жауап бер. «Ағаштардың адамға	қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. Бейнежазба «Жұмбақ жасыру» Біз бүгін киімдердің қазақша атауларын үйренеміз. Бейнежазба көру «Киімдер» Топпен жұмыс «Тыңда және қайтала» (хормен және жеке бірнеше рет қайталау): Мынау не? Мынау – шалбар. Мынау не? Мынау – көйлек. Мынау не? Мынау – жейде. Мынау не? Мынау – жемпір. Мынау не? Мынау – күртеше. Мынау не? Мынау – тон. Дидактикалық ойын «Не артық?» Балалар диалогке		Ағаштың тамыры, діңі, бұтақтары, жапырақтары бар. Ағаштардың түрі өте көп. Біз қандай ағаштарды білеміз? Қайың, терек, емен, шырша, қарағай. Жапырақтары да әр түрлі, қандай жапырақтарды білеміз? Қайың жапырағы, терек жапырағы, емен жапырағы, қарағайдың инелері, шыршаның инелері. Балалар, біз бүгін ағаштар тақырыбын жалғастырамыз және ең сүйікті ағаштарымызды атаймыз. Саусақ жаттығуы: Бір, екі, үш, төрт, бес Жапырақ жина тез. Қайың жапырағы, Терек жапырағы, Емен жапырағы, Қарағай инесі, Шырша инесін, Жинаймыз, Анамызға сыйлаймыз. Дидактикалық ойын «Менің сүйікті ағашым» Мақсаты: сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды үйрету. Маған қайың ұнайды. Ол әдемі. Маған емен ұнайды. Ол өте
--	---	---	---	--	---

	сары қолғап, сары тон. Мынау қандай түс? Мынау – көк. Көк киімдерді атайық: көк шалбар, көк жейде, көк күртеше. Дидактикалық ойын: «Сен бүгін қандай киім кидің?» Балалар диалогке қатысуға үйренеді, сұраққа жауап беруге дағдыланады. Саша, сен бүгін қандай киім кидің? Мен бүгін қара шалбар, көк көйлек кидім. Даша, сен бүгін қандай киім кидің? Мен бүгін қызыл көйлек, сары кофта кидім. «Жасырынбақ» ойыны Шарты: педагог бір баланың киімдерінің түсін айтады, қалғандары педагогтің айтқанын түсініп, қай балаланың киімі туралы айтқанын табу керек. Сары свитері, жасыл шалбары, қара аяқкиім бар кім? Қызыл көйлегі, жасыл бантигі, жасыл аяқкиімі бар кім? Дидактикалық ойын	берер пайдасы не?» Ағаштар оттегі шығарады. Ағаштар жеміс береді. Қайың ағашы шырын береді. Ағаштан жиһаздар жасайды. Ағашты отынға пайдаланады. Ағаш көлеңке болады. Тақпақ жаттау: Алдымнан жел еседі, Тербеледі ағаштар. Кіп-кішкентай ағаштар Үлкен болып өседі. Қимыл: «Шыршамен жаттығу» Қорытынды: ағаштардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді балаларды мақтайды.	қатысып, сұраққа жауап беруге дағдыланады Дидактикалық ойын «Не жоқ?» Балалар қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуге және ол сөздерді қолдануға үйренеді. Қимылды әрекет: Киінуге үйрену Көрнекі таңбалауыштар негізінде ым-ишара жаттығуы. «Не екенін айтпаймыз. Не істейміз? Көрсетеміз». - Балалар, енді біраз қозғалайық. - Жаттығу «Не екенін айтпаймыз. Не істейміз? Көрсетеміз» деп аталады. - Мен кез келген таңбалауышты көрсетемін, ал сендер оны атап, сол киімді, аяқкиім немесе баскиімді қалай киетінін көрсетесіңдер. - Не екенін айтпаймыз. Не		үлкен. Маған терек ұнайды. Ол биік. Маған шырша ұнайды. Оны жаңа жыл мерекесінде безендіреді. Дидактикалық ойын «Саған қандай жапырақты ағаш ұнайды?» Мақсаты: сұрақ қою және оларғы жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Маған қайың жапырағы ұнайды. Маған терек жапырағы ұнайды. Маған емен жапырағы ұнайды. Маған шырша инелері ұнайды. Маған қарағай инелері ұнайды. Сұраққа жауап бер. «Ағаштардың адамға берер пайдасы не?» Ағаштар оттегі шығарады. Ағаштар жеміс береді. Қайың ағашы шырын береді. Ағаштан жиһаздар жасайды. Ағашты отынға пайдаланады. Ағаш көлеңке болады. Тақпақ жаттау: Алдымнан жел еседі, Тербеледі ағаштар.
--	--	--	---	--	---

	«Мынау – анау» Балалар сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды үйренеді. Мына қолғап үлкен. Ана қолғап кішкентай. Мына қолғап жаңа. Ана қолғап ескі. Мына қолғап ақ. Ана қолғап қара. Қимылды әрекет: Киінуге үйрену Қорытындылау: Киімдердің қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.		істейміз? Көрсетеміз. (шалба рды киюді көрсету, белбеуді тағу) - Балалар, біз нені кидік? (Шалбарды кидік.) Жарайсындар! - Не екенін айтпаймыз. Не істейміз? Көрсетеміз. (етікті киюді көрсету, сыдырмасын (замок) жабу) - Балалар, біз нені кидік? (Етікті кидік.) Жарайсыңд ар! - Не екенін айтпаймыз. Не істейміз? Көрсетеміз. (баски імді киюді көрсету, байлау) - Балалар, біз нені кидік? (Баскиімді кидік.) Жарайсыңд ар! - Не екенін айтпаймыз. Не істейміз? Көрсетеміз. - Балалар, біз нені кидік? (Күртешені кидік.) Жарайсыңд ар! - Міне, балалар, біз		Кіп-кішкентай ағаштар Үлкен болып өседі. Қимыл: «Шыршамен жаттығу» Қорытынды: ағаштардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді балаларды мақтайды.
--	--	--	--	--	--

			далаға шығуға дайынбыз. Жарайсындар! Қорытындылау: Киімдердің қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.		
Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	<u>5 жастағы балалар</u> Дидактикалық ойын: «Сен бүгін қандай киім кидің?» Балалар диалогке қатысуға үйренеді, сұраққа жауап беруге дағдыланады. Саша, сен бүгін қандай киім кидің? Мен бүгін қара шалбар, көк көйлек кидім. Даша, сен бүгін қандай киім кидің? Мен бүгін қызыл көйлек, сары кофта кидім. «Менің Қазақстаным» ҚР Гимні орындау «Біртұтас тәрбие» жоспары бойынша	<u>3 жастағы балалар</u> Тақпақ жаттау: Алдымнан жел еседі, Тербеледі ағаштар. Кіп-кішкентай ағаштар Үлкен болып өседі.	<u>5 жастағы балалар</u> Дидактикалық ойын «Не жоқ?» Балалар қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуге және ол сөздерді қолдануға үйренеді.		<u>4 жастағы балалар</u> Сұраққа жауап бер: «Ағаштан не жасайды?» Ағаштан үстел, орындық, шкаф, терезе, есік, кереует, тостаған, киіз үй керегесін, шаңырағын, есігін, уығын жасайды.
«Алшы» ойыны Сипаттамасы: Бұл ойында асықты иіру арқылы кімнің асығы алшы түсетінін анықтайды. Алшы түскен ойыншы жеңімпаз болып саналады. Құралдар: 4 немесе одан да көп асық. Ойын ережесі: Әр ойыншы кезекпен асық иіреді. Алшы түскен асық жеңімпазды анықтайды. Егер бірнеше ойыншының асығы алшы түссе, олар қайтадан иіреді. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау					

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: Топар жалпы білім беретін мектеп жанындағы шағын орталық

Топ: «Күншуақ» әртүрлі жас орыс тобы

Балалардың жасы: 3 - 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 12.05 – 16.05. 2025жыл (3-апта)

Күн тәртібі	Дүйсенбі 12.05	Сейсенбі 13.05	Сәрсенбі 14.05	Бейсенбі 15.05	Жұма 16.05
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Ағаштар» «Мектепке дейінгі балалардың қазақ тілінде қарым-қатынасын дамытудағы көркемдік сөздің маңызы» әңгімелесу				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Әлқиса» күйі https://zvyki.com/song/103314390/Nur_isa_Tlendiev_-_1_isa/«Күй күмбірі»_күй_тындау				
Сөздік минимум	гүл, жапырақ, бөлме гүлдері, өсімдіктер өседі	гүл, жапырақ, бөлме гүлдері, өсімдіктер өседі	Ағаш, шырша, жапырақ, тамыр, бұтақ, бүршіктер, қарағай, терек, емен, қайың		Маған қайың ұнайды. Маған шырша ұнайды. Маған қарағай ұнайды.
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	Мектепалды тобы Тақырыбы: Ағаштар Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ғ, қ, ү, і дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; ағаштардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қояды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру,	Ортаңғы топ Тақырыбы: «Гүлдер» Міндеттері: қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету. Қазір қай мезгіл? Қазір көктем мезгілі. Көктемде ағаштар бүршік атады. Гүлдер де шығады. Гүлдер қайда өседі? Дұрыс айтасындар, гүлдер орманда, далада, бөлмеде өседі. Біздің бүгінгі	Мектепалды тобы Тақырыбы: «Менің сүйікті ағашым» Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ғ, қ, ү, і дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; ағаштардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қояды және оларға жай		Ересек топ Тақырыбы: «Гүлдер» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. Қазір көктем мезгілі. Көктемде ағаштар бүршік атады. Гүлдер де шығады. Гүлдер қайда өседі? Дұрыс айтасындар, гүлдер орманда, далада, бөлмеде

	диалогке қатысуға үйрету. Қазір қай мезгіл? Көктем мезгілінің ерекшеліктерін атайықшы. Қар ериді. Құстар ұшып келеді. Ағаштар бүршік атады. Балалар, сендер орманда болып көрдіңдер ме? Орманда не бар? Орманда аю, қасқыр, түлкі, кірпі, тиін, қоян бар. Ағаштар мен саңырауқұлақтар бар. Балалар, мен сендерге ағаш түрлерінің атауын қазақша үйретейін бе? Ендеше біз бүгін қазақ тіліндегі ағаштардың атауын білеміз және оны есте сақтаймыз. Топпен жұмыс «Ағаш құрылымы» Мынау – ағаш. Мынау – ағаштың тамыры. Мынау – ағаштың діңі. Мынау – ағаштың бұтақтары. Көктемде ағаштар бүршік жарады. Бүршік өсіп жапырақ болады. Дидактикалық ойын	тақырыбымыз гүлдер туралы болады. Топпен жұмыс «Гүлдің құрылымы» (хормен және жеке бірнеше рет қайталау): Мынау – гүл. Мынау – гүлдің тамыры. Мынау – гүлдің сабағы. Мынау – гүлдің жапырағы. Дидактикалық ойын «Гүл неден тұрады?» Мақсаты: сұраққа жауап беруге үйрету. Гүлдің тамыры, сабағы, жапырақтары бар. Дидактикалық ойын «Түрлі-түсті гүлдер» Мақсаты: гүлдердің түстерін айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Мынау – қызыл гүлдер. Мынау – сары гүлдер. Мынау – көк гүлдер. Мынау – ақ гүлдер. Мынау – күлгін гүлдер. Сергіту сәті Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап демалам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам. Ән тыңдайық: «Гүлдер туралы ән» Қорытынды: Гүлдің құрылымын қазақша еске түсіріп, белсенді балаларды	сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. Қазір қай мезгіл? Қазір көктем мезгілі. Ағаштар да бүршік жарып, жапырақтарын жая бастады. Балалар, ағаштың құрылымын атайықшы. Ағаштың тамыры, діңі, бұтақтары, жапырақтары бар. Ағаштардың түрі өте көп. Біз қандай ағаштарды білеміз? Қайың, терек, емен, шырша, қарағай. Жапырақтары да әр түрлі, қандай жапырақтарды білеміз? Қайың жапырағы, терек жапырағы, емен жапырағы, қарағайдың инелері, шыршаның инелері. Балалар, біз бүгін ағаштар тақырыбын жалғастырамыз және ең сүйікті ағаштарымызды атаймыз. Саусақ жаттығуы: Бір, екі, үш, төрт, бес Жапырақ жина тез. Қайың жапырағы, Терек жапырағы, Емен жапырағы,	өседі. Біздің бүгінгі тақырыбымыз гүлдер туралы болады. Топпен жұмыс «Гүлдің құрылымы» (хормен және жеке бірнеше рет қайталау): Мынау – гүл. Мынау – гүлдің тамыры. Мынау – гүлдің сабағы. Мынау – гүлдің жапырағы. Дидактикалық ойын «Гүл неден тұрады?» Мақсаты: сұраққа жауап беруге үйрету. Гүлдің тамыры, сабағы, жапырақтары бар. Дидактикалық ойын «Түрлі-түсті гүлдер» Мақсаты: гүлдердің түстерін айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Мынау – қызыл гүлдер. Мынау – сары гүлдер. Мынау – көк гүлдер. Мынау – ақ гүлдер. Мынау – күлгін гүлдер. Сұраққа жауап бер: «Гүлдердің пайдасы не?» Гүл әдемі. Гүлді сыйлаймыз. Гүл түрлі-түсті. Гүл – жердің көркі. Сергіту сәті: Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап демалам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам.
--	---	---	---	---

	«Ағаш неден тұрады?» Мақсаты: сұраққа жауап беруге үйрету. Ағаштың тамыры, діңі, бұтақтары, жапырақтары бар. Дидактикалық ойын «Қара да ата» Мақсаты: ағаштардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. - Мынау – қайың. - Мынау – терек. - Мынау – емен. - Мынау – қарағай. - Мынау – шырша. Дидактикалық ойын «Қалқан жапырақты және жапырақты ағаштар» Мақсаты: ағаштардың атауларын айту. Сұраққа жауап бер: «Ағаштан не жасайды?» Ағаштан үстел, орындық, шкаф, терезе, есік, кереует, тостаған, киіз үй керегесін, шаңырағын, есігін, уығын жасайды. Тақпақ жаттау: Алдымнан жел еседі, Тербеледі ағаштар.	мақтайды.	Қарағай инесі, Шырша инесін Жинаймыз, Анамызға сыйлаймыз Дидактикалық ойын «Менің сүйікті ағашым». Маған қайың ұнайды. Ол әдемі. Маған емен ұнайды. Ол өте үлкен. Маған терек ұнайды. Ол биік. Маған шырша ұнайды. Оны жаңа жыл мерекесінде безендіреді. Дидактикалық ойын «Саған қандай жапырақты ағаш ұнайды?» Мақсаты: сұрақ қою және оларғы жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Маған қайың жапырағы ұнайды. Маған терек жапырағы ұнайды. Маған емен жапырағы ұнайды. Маған шырша инелері ұнайды. Маған қарағай инелері ұнайды. Сұраққа жауап бер. «Ағаштардың адамға берер пайдасы не?» Ағаштар оттегі шығарады.		Ән тыңдайық: «Гүлдер туралы ән» Қорытынды: Гүлдің құрылымын қазақша еске түсіріп, белсенді балаларды мақтайды.
--	--	-----------	---	--	--

	Кіп-кішкентай ағаштар Үлкен болып өседі. Қимыл: «Шыршамен жаттығу» Қорытынды: ағаштардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді балаларды мақтайды.		Ағаштар жеміс береді. Қайың ағашы шырын береді. Ағаштан жиһаздар жасайды. Ағашты отынға пайдаланады. Ағаш көлеңке болады. Тақпақ жаттау: Алдымнан жел еседі, Тербеледі ағаштар. Кіп-кішкентай ағаштар Үлкен болып өседі. Қимыл: «Шыршамен жаттығу» Қорытынды: ағаштардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді балаларды мақтайды.		
Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	5 жастағы балалар Дидактикалық ойын «Менің сүйікті ағашым». Маған қайың ұнайды. Ол әдемі. Маған емен ұнайды. Ол өте үлкен. Маған терек ұнайды. Ол биік. Маған шырша ұнайды. Оны жаңа жыл мерекесінде безендіреді.	3 жастағы балалар Сергіту сәті Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап демалам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам.	5 жастағы балалар Сұраққа жауап бер «Ағаштан не жасайды?» Ағаштан үстел, орындық, шкаф, терезе, есік, кереует, тостаған, киіз үй керегесін, шаңырағын, есігін, уығын жасайды.		4 жастағы балалар Мақал жаттайық Гүл өссе, жердің көркі, Қыз өссе, елдің көркі.
«Тақия тастамақ» Балалар шеңбер бойымен отырады. Педагог жүргізуші баланы сайлайды. Оған ойынды бастауға көмектеседі. Балалардың барлығы жүргізушімен бірге ойын сөздерін қайталап айтады, ал жүргізуші шеңбер сыртын айнала жүріп, бір баланың басына тақияны байқатпай					

	«Менің Қазақстаным» ҚР Гимні орындау «Біртұтас тәрбие» жоспары бойынша	кигізе салып қаша жөнеледі, бір айналып келіп, тақия кімнің қолында болса, сол баланың орнына отыра қалуға тырысады. Үлгермесе педагогтің берген тапсырмасын орындайды. Ойын сөздері: Бір ойым бар, бір ойын бастамақ, Аты оның тақия тастамақ! «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау
--	--	--

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: Топар жалпы білім беретін мектеп жанындағы шағын орталық

Топ: «Күншуақ» әртүрлі жас орыс тобы


Балалардың жасы: 3 - 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 19.05 – 23.05. 2025жыл (4-апта)

Күн тәртібі	Дүйсенбі 19.05	Сейсенбі 20.05	Сәрсенбі 21.05	Бейсенбі 22.05	Жұма 23.05
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Гүлдер» «Мектепке дейінгі балалардың қазақ тілінде қарым-қатынасын дамытудағы көркемдік сөздің маңызы» әңгімелесу				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Бозшолақ» күйі https://zvyki.com/song/170419764/rman_azy_-Bozshola/ «Күй күмбірі» күй тыңдау				
Сөздік минимум	Маған қызыл, көк, ақ, сары гүлдер ұнайды.	Маған қызыл, көк, ақ, сары гүлдер ұнайды.		гүл, раушан, жапырақ, тамыр, шөп	Маған қызыл, көк, ақ, сары гүлдер ұнайды. Маған раушан гүлі ұнайды.
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	Ортаңғы топ Тақырыбы: «Маған ұнайды» Міндеттері: қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету. Қазір қай мезгіл? Қазір көктем мезгілі. Қазір мамыр айы. Ағаштардан жапырақтар шықты. Гүлдер де шыға бастады. Гүлдер қайда өседі? Гүлдер орманда, далада, бақта, бөлмеде өседі.	Ересек топ Тақырыбы: «Маған ұнайды» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. Қазір мамыр айы. Ағаштардан жапырақтар шықты. Гүлдер де шыға бастады. Гүлдер қайда өседі? Гүлдер орманда, далада, бақта, бөлмеде өседі.		Мектепалды тобы Тақырыбы: «Гүлдер» Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ғ, қ, ү, і дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; гүл құрылымы атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.	Мектепалды тобы Тақырыбы: «Маған ұнайды» Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ғ, қ, ү, і дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; ағаштардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.

	Орманда, далада өсетін гүлдер өздігінен көбейеді. Ал бақтағы және бөлмедегі гүлдерді адамдар өсіреді. Гүл өсіру үшін не істейді? Гүлді отырғызады. Гүлге су құяды. Гүлді түптейді. Балалар, гүлдің құрылымын атайықшы. Гүлдің тамыры, сабағы, жапырақтары, гүлі бар. Гүлдердің түстері де алуан түрлі. Гүлдердің түстері қандай болады? Қызыл, көк, сары, ақ, күлгін, т.б. Балалар, біз бүгін гүлдер тақырыбын жалғастырамыз және бізге ұнайтын гүлдерді атаймыз. Саусақ жаттығуы: Бір, екі, үш, төрт, бес, Гүлдерді жина тез. Қызыл гүлдер, Көк гүлдер, Сары гүлдер, Ақ гүлдер, Күлгін гүлдер, Жинаймыз, Анамызға сыйлаймыз. Дидактикалық ойын «Менің сүйікті	Орманда, далада өсетін гүлдер өздігінен көбейеді. Ал бақтағы және бөлмедегі гүлдерді адамдар өсіреді. Гүл өсіру үшін не істейді? Гүлді отырғызады. Гүлге су құяды. Гүлді түптейді. Балалар, гүлдің құрылымын атайықшы. Гүлдің тамыры, сабағы, жапырақтары, гүлі бар. Гүлдердің түстері де алуан түрлі. Гүлдердің түстері қандай болады? Қызыл, көк, сары, ақ, күлгін, т.б. Балалар, біз бүгін гүлдер тақырыбын жалғастырамыз және бізге ұнайтын гүлдерді атаймыз. Саусақ жаттығуы: Бір, екі, үш, төрт, бес, Гүлдерді жина тез. Қызыл гүлдер, Көк гүлдер, Сары гүлдер, Ақ гүлдер, Күлгін гүлдер, Жинаймыз, Анамызға сыйлаймыз. Дидактикалық ойын «Менің сүйікті гүлдерім»	Ақ қар еріп, су көбейіп, Сай салаға толады. Ағаш басы бүршік ашып, Гүл бәйшешекке толады. Бөбектерім, айтындаршы, Бұ қай мезгіл болады? Дұрыс, қазір көктем мезгілі. Көктемде ағаштар бүршік атады. Гүлдер де шығады. Гүлдер қайда өседі? Дұрыс айтасындар, гүлдер орманда, далада, бөлмеде өседі. Біздің бүгінгі тақырыбымыз гүлдер туралы болады. Топпен жұмыс «Гүлдің құрылымы» (хормен және жеке бірнеше рет қайталау): Мынау – гүл. Мынау – гүлдің тамыры. Мынау – гүлдің сабағы. Мынау – гүлдің жапырағы. Дидактикалық ойын «Гүл неден тұрады?» Мақсаты: сұраққа жауап беруге үйрету. Гүлдің тамыры, сабағы, жапырақтары бар. Дидактикалық ойын «Түрлі-түсті гүлдер» Мақсаты: гүлдердің түстерін айту және түсіну дағдыларын	Қазір мамыр айы. Ағаштардан жапырақтар шықты. Гүлдер де шыға бастады. Гүлдер қайда өседі? Гүлдер орманда, далада, бақта, бөлмеде өседі. Орманда, далада өсетін гүлдер өздігінен көбейеді. Ал бақтағы және бөлмедегі гүлдерді адамдар өсіреді. Гүл өсіру үшін не істейді? Гүлді отырғызады. Гүлге су құяды. Гүлді түптейді. Балалар, гүлдің құрылымын атайықшы. Гүлдің тамыры, сабағы, жапырақтары, гүлі бар. Гүлдердің түстері де алуан түрлі. Гүлдердің түстері қандай болады? Қызыл, көк, сары, ақ, күлгін, т.б. Балалар, біз бүгін гүлдер тақырыбын жалғастырамыз және бізге ұнайтын гүлдерді атаймыз. Саусақ жаттығуы: Бір, екі, үш, төрт, бес, Гүлдерді жина тез. Қызыл гүлдер, Көк гүлдер, Сары гүлдер, Ақ гүлдер, Күлгін гүлдер, Жинаймыз,
--	--	--	--	--

	гүлдерім» Мақсаты: сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды үйрету. Маған қызыл гүл ұнайды. Ол әдемі гүл. Маған сары гүл ұнайды. Ол ерекше гүл. Маған көк гүл ұнайды. Ол менің сүйікті гүлім. Маған ақ гүл ұнайды. Ол аппақ. Қимылды әрекет «Гүлдер туралы ән» Қорытынды: Гүлдердің құрылымы мен түстерін қазақша еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.	Мақсаты: сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды үйрету. Маған қызыл гүл ұнайды. Ол әдемі гүл. Маған сары гүл ұнайды. Ол ерекше гүл. Маған көк гүл ұнайды. Ол менің сүйікті гүлім. Маған ақ гүл ұнайды. Ол аппақ. Тақпақ жаттау: Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап демалам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам. Қимылды әрекет «Гүлдер туралы ән» Қорытынды: Гүлдердің құрылымы мен түстерін қазақша еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.		қалыптастыру. Мынау – қызыл гүлдер. Мынау – сары гүлдер. Мынау – көк гүлдер. Мынау – ақ гүлдер. Мынау – күлгін гүлдер. Сұраққа жауап бер: «Гүлдердің пайдасы не?» Гүл әдемі. Гүлді сыйлаймыз. Гүл түрлі-түсті. Гүл – жердің көркі. Сергіту сәті: Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап демалам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам. Ән тыңдайық: «Гүлдер туралы ән» Мақал жаттайық: Гүл өссе, жердің көркі, Қыз өссе, елдің көркі. Қорытынды: Гүлдің құрылымын қазақша еске түсіріп, белсенді балаларды мақтайды.	Анамызға сыйлаймыз. Дидактикалық ойын «Менің сүйікті гүлдерім» Мақсаты: сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды үйрету. Маған қызыл гүл ұнайды. Ол әдемі гүл. Маған сары гүл ұнайды. Ол ерекше гүл. Маған көк гүл ұнайды. Ол менің сүйікті гүлім. Маған ақ гүл ұнайды. Ол аппақ. Тапсырма «Мен гүлдің суретін саламын» Балалар ауада гүлдің суретін салып көрсетеді. Гүлдің сабағы бар. Гүлдің жапырағы бар. Гүлі бар. Гүлдің түсі қызыл (сары, көк, ақ) Тақпақ жаттау: Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап демалам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам. Қимыл: «Гүлдер туралы ән» Қорытынды: Гүлдердің құрылымы мен түстерін қазақша еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.
--	--	---	--	---	--

Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	<u>3 жастағы балалар</u> Саусақ жаттығуы Бір, екі, үш, төрт, бес, Гүлдерді жина тез. Қызыл гүлдер, Көк гүлдер, Сары гүлдер, Ақ гүлдер, Күлгін гүлдер, Жинаймыз, Анамызға сыйлаймыз. «Менің Қазақстаным» ҚР Гимні орындау «Біртұтас тәрбие» жоспары бойынша	<u>4 жастағы балалар</u> Тақпақ жаттау Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап демалам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам.		<u>5 жастағы балалар</u> Мақал жаттайық Гүл өссе, жердің көркі, Қыз өссе, елдің көркі.	<u>5 жастағы балалар</u> Дидактикалық ойын «Менің сүйікті гүлдерім» Маған қызыл гүл ұнайды. Ол әдемі гүл. Маған сары гүл ұнайды. Ол ерекше гүл. Маған көк гүл ұнайды. Ол менің сүйікті гүлім. Маған ақ гүл ұнайды. Ол аппақ.
«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау Сандарды сәйкестендір және ата 					

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: Топар жалпы білім беретін мектеп жанындағы шағын орталық

Топ: «Күншуақ» әртүрлі жас орыс тобы

Балалардың жасы: 3 - 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 26.05 – 30.05. 2025жыл (5-апта)

Күн тәртібі	Дүйсенбі 26.05	Сейсенбі 27.05	Сәрсенбі 28.05	Бейсенбі 29.05	Жұма 30.05
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Жаз мезгілі» «Мектепке дейінгі балалардың қазақ тілінде қарым-қатынасын дамытудағы көркемдік сөздің маңызы» әңгімелесу				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Бозшолақ» күйі https://zvyki.com/song/170419764/rman_azy_-Bozshola/ «Күй күмбірі» күй тыңдау				
Сөздік минимум	Қазір жаз мезгілі Ауа райы құбылыстары: күн ыстық, аспан ашық, жаңбыр жауады, жел соғады	Қазір жаз мезгілі Ауа райы құбылыстары: күн ыстық, аспан ашық, жаңбыр жауады, жел соғады, ай, бұлт		Қазір жаз мезгілі Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз Ауа райы құбылыстары: жаңбыр, жел, жылы, ыстық, найзағай, кемпірқосақ, ай, күн, аспан, бұлт.	Мынау не? Бұл кім? Қанша? Қандай?
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	<u>Ортаңғы топ</u> Тақырыбы: «Жаз мезгілі» Міндеттері: қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету. - Балалар, бір сәт өзімізді табиғат аясында, таза ауада тұрғандай елестетейік.	<u>Ересек топ</u> Тақырыбы: «Жаз мезгілі» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. - Балалар, бір сәт		<u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Жаз мезгілі» Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру; гүл құрылымы атауларын айту және түсіну дағдыларын	<u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Кел, қайталайық!» Міндеттері: өткен тақырыптарды қайталау; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру; сөйлем құрап айту, сұрақтарға жауап беру дағдысын жетілдіру. Сәлемдесу:

	- Айнала қандай? Дала қандай? Ағаштар қандай? Ауа қандай? Терезеге не түсіп тұр? - Жаз қандай болады? (Ыстық, мамыражай, шуақты.) - Жазда не істейміз? (Демаламыз, шомыламыз, күнге қыздырынамыз, көңілді боламыз) - Жазда бау-бақшада не өседі? (Алма, алмұрт, шие, жүзім, сәбіз, қырыққабат, қызылша) - Мұның барлығы қай кезде болады? «Ойды жалғастыр» жаттығуы. - Балалар мен бастаған жолдарды жалғастырып көрейік. - Жылдың төрт мезгілі бар: ..., ..., ..., ... Бір жылда ... ай бар. Жаз айлары: ..., ..., ... Ең ыстық жыл мезгілі: ... Қазір жаздың алғашқы айы - ... - Жарайсыңдар! - Бүгін біз жазғы саябаққа, орманға саяхттаймыз. - Балалар, суретте не бейнеленген?	өзімізді табиғат аясында, таза ауада тұрғандай елестетейік. - Айнала қандай? Дала қандай? Ағаштар қандай? Ауа қандай? Терезеге не түсіп тұр? - Жаз қандай болады? (Ыстық, мамыражай, шуақты.) - Жазда не істейміз? (Демаламыз, шомыламыз, күнге қыздырынамыз, көңілді боламыз) - Жазда бау-бақшада не өседі? (Алма, алмұрт, шие, жүзім, сәбіз, қырыққабат, қызылша) - Мұның барлығы қай кезде болады? «Ойды жалғастыр» жаттығуы. - Балалар мен бастаған жолдарды жалғастырып көрейік. - Жылдың төрт мезгілі бар: ..., ..., ..., ... Бір жылда ... ай бар. Жаз айлары: ..., ..., ... Ең ыстық жыл мезгілі: ... Қазір жаздың алғашқы айы - ... - Жарайсыңдар! - Бүгін біз жазғы саябаққа, орманға саяхттаймыз.	қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. - Балалар, бір сәт өзімізді табиғат аясында, таза ауада тұрғандай елестетейік. - Айнала қандай? Дала қандай? Ағаштар қандай? Ауа қандай? Терезеге не түсіп тұр? - Жаз қандай болады? (Ыстық, мамыражай, шуақты.) - Жазда не істейміз? (Демаламыз, шомыламыз, күнге қыздырынамыз, көңілді боламыз) - Жазда бау-бақшада не өседі? (Алма, алмұрт, шие, жүзім, сәбіз, қырыққабат, қызылша) - Мұның барлығы қай кезде болады? «Ойды жалғастыр» жаттығуы. - Балалар мен бастаған жолдарды жалғастырып көрейік. - Жылдың төрт мезгілі бар: ..., ..., ..., ... Бір жылда ... ай бар. Жаз айлары: ..., ..., ... Ең ыстық жыл мезгілі: ...	– Сәлеметсіңдер ме, балалар! – Сәлеметсіз бе, мұғалім! – Қалдарың қалай? – Жақсы! Шенберде амандасу: Күн, жарық нұрың үшін рақмет! Ауа, таза тынысың үшін рақмет! Ағаш, көлеңкең үшін рақмет! Гүлдер, хош иісің үшін рақмет! Үй, жайлылығың үшін рақмет! Сөздік қайталау – Топпен жұмыс Сөздерді хормен және жеке қайталау: Ағаштар: ағаш, тамыр, дің, бұтақ, жапырақ, бүршік, шырша, қарағай, терек, емен, қайың Гүлдер: гүл, тамыр, сабақ, жапырақ, раушан, қызыл, сары, көк, күлгін Жиһаздар: үстел, орындық, кереует, сөре, теледидар, тоңазытқыш Ойындар арқылы қайталау Ойын: «Не неден тұрады?» (Ағаштың, гүлдің
--	--	---	--	--

	- Бұл жылдың қай мезгілі? - Жазда қандай өзгерістер болады? - Жазды сендер не үшін ұнатасыңдар? - Жазда ауа райында қандай өзгерістер болады? - Жарайсыңдар, балалар! Жұмбақ жасыру. Күн де ысып, шөп пісіп, Ел пішенін орады. Бұл қай кезде болады? (Жаз.) - Жарайсыңдар! - Балалар, жаз мезгілі балаларға не үшін ұнайтыны туралы әңгіме оқып берейін. Мұқият болыңдар. Педагог жаз мезгілі және балалардың ойын-сауықтары жайында суреттерді қолданады. Оқу барысында ерекше естілетін сөздерді (кірме сөздерді) дауысымен барынша анық көрсетіп жатады. «Жазғы демалыс және ойын-сауықтар». Жаз – өте ыстық жыл мезгілі. Жаз айлары –	- Балалар, суретте не бейнеленген? - Бұл жылдың қай мезгілі? - Жазда қандай өзгерістер болады? - Жазды сендер не үшін ұнатасыңдар? - Жазда ауа райында қандай өзгерістер болады? - Жарайсыңдар, балалар! Жұмбақ жасыру. Күн де ысып, шөп пісіп, Ел пішенін орады. Бұл қай кезде болады? (Жаз.) - Жарайсыңдар! - Балалар, жаз мезгілі балаларға не үшін ұнайтыны туралы әңгіме оқып берейін. Мұқият болыңдар. Педагог жаз мезгілі және балалардың ойын-сауықтары жайында суреттерді қолданады. Оқу барысында ерекше естілетін сөздерді (кірме сөздерді) дауысымен барынша анық көрсетіп жатады. «Жазғы демалыс және ойын-сауықтар». Жаз – өте ыстық жыл мезгілі. Жаз айлары – маусым, шілде, тамыз. Жазда күн ұзақ, түн	Қазір жаздың алғашқы айы - ... - Жарайсыңдар! - Бүгін біз жазғы саябаққа, орманға саяхттаймыз. - Балалар, суретте не бейнеленген? - Бұл жылдың қай мезгілі? - Жазда қандай өзгерістер болады? - Жазды сендер не үшін ұнатасыңдар? - Жазда ауа райында қандай өзгерістер болады? - Жарайсыңдар, балалар! Жұмбақ жасыру. Күн де ысып, шөп пісіп, Ел пішенін орады. Бұл қай кезде болады? (Жаз.) - Жарайсыңдар! - Балалар, жаз мезгілі балаларға не үшін ұнайтыны туралы әңгіме оқып берейін. Мұқият болыңдар. Педагог жаз мезгілі және балалардың ойын-сауықтары жайында суреттерді қолданады. Оқу барысында ерекше естілетін сөздерді (кірме сөздерді) дауысымен барынша анық көрсетіп жатады. «Жазғы демалыс және ойын-сауықтар». Жаз – өте ыстық жыл	құрылымын айту) Мынау не? – Ағаш Ағаш неден тұрады? – Тамыр, дің, бұтақ, жапырақ Гүл неден тұрады? – Тамыр, сабақ, жапырақ Ойын: «Қара да ата» (Суреттерден не бейнеленгенін айту) – Бұл не? – Бұл терек. – Бұл не? – Бұл теледидар. – Бұл не? – Бұл қызыл гүл. Ойын: «Қажет пе, қажет емес пе?» – Жатын бөлмеде тоңазытқыш керек пе? – Жоқ, қажет емес – Ас үйде үстел керек пе? – Иә, керек. Жағдаяттық сұрақ-жауап – Ағаш қайда өседі? – Орманда. – Гүлді қайда көрдің? – Далада. – Үйде не бар? – Жиһаз бар. – Теледидар не үшін керек? – Теледидар көреміз. – Гүл не үшін керек? – Гүл әдемі. Шығармашылық тапсырма: Суретті бояу (ағаш, гүл, жиһаз). Тақпақ айту: Ағаштар тербеледі,
--	--	---	--	--

	маусым, шілде, тамыз. Жазда күн ұзақ, түн қысқа болады. Жазда балалар демалады. Педагог мәтінді оқыған кезде, оқу темпін баяулатады. - Балалар, сендер жазғы демалыс туралы не түсіндіңдер? Балалардың жауаптары. Сергіту сәті. ҚОРЫТЫНДЫ	қысқа болады. Жазда балалар демалады. Біздің сұлу табиғатымызды көріп тамашалауға, демалуға, күш алуға келеді. Орман-тоғайға барып, жидек, саңыраулқұлақ тереді. Жазда балалар суға шомылады, күнге күйеді. Балалар жазда циркке баруды ұнатады. Циркте олар пілді, зебраны, арыстанды, аттарды көреді. Педагог мәтінді оқыған кезде, оқу темпін баяулатады. - Балалар, сендер жазғы демалыс туралы не түсіндіңдер? Қандай жануарлардың атауларын естідіңдер? Қандай кейіпкер туралы айтылды? Қандай заттардың атаулары естеріңде қалды? Балалардың жауаптары. Сергіту сәті. ҚОРЫТЫНДЫ		мезгілі. Жаз айлары – маусым, шілде, тамыз. Жазда күн ұзақ, түн қысқа болады. Жазда балалар демалады. Біздің сұлу табиғатымызды көріп тамашалауға, демалуға, күш алуға келеді. Орман-тоғайға барып, жидек, саңыраулқұлақ тереді. Жазда балалар суға шомылады, күнге күйеді. Балалар жазда циркке баруды ұнатады. Циркте олар пілді, зебраны, арыстанды, аттарды көреді. Педагог мәтінді оқыған кезде, оқу темпін баяулатады. - Балалар, сендер жазғы демалыс туралы не түсіндіңдер? Қандай жануарлардың атауларын естідіңдер? Қандай кейіпкер туралы айтылды? Қандай заттардың атаулары естеріңде қалды? Балалардың жауаптары. Сергіту сәті. ҚОРЫТЫНДЫ	Гүлдер жайқалады, Жиһаздармен жайлы үй – Бәрі бірге жарасады! Бағалау және кері байланыс – Балалар, бүгін не үйрендік? – Біз ағаштар, гүлдер, жиһаздар туралы айттық. – Жарайсыңдар! Белсенді қатысқан балалар мақталады.
--	--	---	--	---	---

Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)	<u>3 жастағы балалар</u> Сұраққа жауап бер - Жаз қандай болады? (Ыстық, мамыражай, шуақты.) - Жазда не істейміз? (Демаламыз, шомыламыз, күнге қыздырынамыз, көңілді боламыз) - Жазда бау-бақшада не өседі? (Алма, алмұрт, шие, жүзім, сәбіз, қырыққабат, қызылша) «Менің Қазақстаным» ҚР Гимні орындау «Біртұтас тәрбие» жоспары бойынша	<u>4 жастағы балалар</u> Жұмбақ жасыру Күн де ысып, шөп пісіп, Ел пішенін орады. Бұл қай кезде болады? (Жаз)	<u>5 жастағы балалар</u> «Ойды жалғастыр» жаттығуы - Балалар мен бастаған жолдарды жалғастырып көрейік. - Жылдың төрт мезгілі бар: ..., ..., ..., Бір жылда ... ай бар. Жаз айлары: ..., ..., Ең ыстық жыл мезгілі: Қазір жаздың алғашқы айы - ...	<u>5 жастағы балалар</u> Тақпақ айту Ағаштар тербеледі, Гүлдер жайқалады, Жиһаздармен жайлы үй – Бәрі бірге жарасады!
«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау «Тақия тастамақ» Балалар шеңбер бойымен отырады. Педагог жүргізуші баланы сайлайды. Оған ойынды бастауға көмектеседі. Балалардың барлығы жүргізушімен бірге ойын сөздерін қайталап айтады, ал жүргізуші шеңбер сыртын айнала жүріп, бір баланың басына тақияны байқатпай кигізе салып қаша жөнеледі, бір айналып келіп, тақия кімнің қолында болса, сол баланың орнына отыра қалуға тырысады. Үлгермесе педагогтің берген тапсырмасын орындайды. Ойын сөздері: Бір ойым бар, бір ойын бастамақ, Аты оның тақия тастамақ!				